ММ “Ақтөбе облысы білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі
№1 “Күншуақ” бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Бекітілді:
Әдіскер: Асанова Л.М

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбиемен оқытуың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде құрылған **«Балдаурен» мектепалды тобының**
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиешілер: Аймагамбетова У.К
Орынбаева Э.Т

2023-2024 оқу жылы

Бекітілді
Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т:Аймагамбетова У.К

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі					**Жұма 01.09.2023ж**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: «Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері», «Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал- жабдықтарды дайындаймыз". **Мақсат-міндеттері:** Тапсырылған іске жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Үлкендердің еңбегінің қажеттілігі жөнінде түсінік беріп отырамыз. Балалардың алдына мақсат қоя білуді, оған жету үшін еңбектену мәдениетін қалыптастыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды үй өсімдіктердің жағдайына қарай, оларға күтім жасау үшін қандай әрекеттер қажет екенін анықтауды үйрету (суару, тазарту, қопсыту, үстіңгі киім), тиісті еңбек операцияларын дұрыс орындау, балаларға әрқайсының мақсаты туралы айтуды ұсыну. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**				
					Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу: **"Біздің балабақша"** тақырыбына суреттер сериясы бойынша әңгімелеу. **Мақсат-міндеттері:** Балаларға балабақшадағы күн тәртібіндегі топтастармен біріккен әрекеттерін **"балабақша"** жалпылауыш сөзіне, ұғымына байланысты екенін түсіндіру; бірнеше суретті қабылдап,

					"Біздің балабақша" ортақ тақырыбына әңгімелеу амалын көрсету.
Таңертеңгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1. Таяқшаны алға созу. 2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру. 3. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру. 5. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 6. Бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау. 2. Сол аяқты оның қасына алып келу. 3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау. 4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1. Таяқшаны жоғары көтеру. 2. Оңға иілу. 3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертең де, кеш те де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар мезгілде, Су мен сабын - бір жолдас, Жоймас олар кір қоймас!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					**Жағымды қарым-қатына:** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Күлімдеп күн шықты, Жадырап нұр төкті. Қайырлы күн, достарым! Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекет туралы әңгімелесу.

					(сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері.** **Сөз" және "дыбыс"** терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. **Математика негіздері.** Сандар берілген карточкадағы балалар математика орталығына барып, мектепке қалай дайындалуға болады. Сандарды санау. Жаңа 6 санымен танысу. Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру. Оларды санау, салыстыру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен			.		**Күнді бақылау.** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.

					Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн) **Көркем сөз:** Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев **Қимылды ойын:** «Қоңыздар» **Еңбек**: Құмсалғышты жапырақтардан тазарту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы					**Вариативтік компанент:** **“Қызықты логика әлемі”** **Тақырыбы:“Тапқырлар”** **Мақсаты:**Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, балалардың ой-өрісін кеңейтіп, логикалық

басқа әрекеттер)					ойлауды жеңілдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу: "Асқар ата келді". Мақсат-міндеттері:**Балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шуберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін тегістеуді үйрету. **Сурет салудан ойын-жаттығу.** "Балабақша". **Мақсат-міндеттері**: Балаларды екі параллель сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруді үйрету. **Қоршаған ортамен танытырудан ойын-жаттығу.** "Күз келді бақшама". **Мақсат-міндеттері:** Балабақша маңайында ауа райын бақылау, күзгі құбылыстарды байқау, бір-бірінен ажыратуды үйрету. **Дидактикалық ойын: "Күз құбылыстарын ата".** **Мақсат-міндеттері:**Күз құбылыстарын атау іскерліктерін дамыту; балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. **"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік

					қорды байыту; заттарды топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, ол оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек.
Балалармен жеке жұмыс					**Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу, әңгімелесу.** **Мақсат-міндеттері:** Мнемокестедегі жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруды үйрету. **"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны.** **Мақсат-міндеттері:**Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** (Асылым,Алибек)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды үстіне киген киімдеріне қарап, шкафта қалдыратын заттардың орнын тексеріп, тәртіп орнатуға шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен					**Күздің ерте немесе кеш келуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Тақпақтар:** Н. Әлімқұлов **«Күз».** Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. Қ.Ыдырысов «Күз». Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау, Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау.

					Бақылау: табиғаттағы өзгерістерді бақылауды үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білуі. **Қимылды ойын. «Астықты тасымалдау» (дене шынықтыру)** Дабыл бойынша арбамен «астық» тасу, бір шетінен екінші шетіне тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу. **Еңбек:** гүлзарда жұмыс істеу. Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге сүйіспеншілікті арттыру. **Өз бетімен ойындар:** **«Құмда сурет салу»** Балаларға құмда сурет салуды үйрету. Атқарған жұмыстарын атап өту, балаларды мақтау. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Кешкі ас	Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында балабақша, ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру. **Сюжетті-рөлдік ойын:** **"Балабақша".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. **Керекті құрал-жабдықтар**. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.				

	Барысы: Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**
Балалардың үйге қайтуы	**«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы»** балаға ойыншықты алып берерде қажеттілігі жөнінде ойлануға кеңес беру.

Бекітілді
Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т:Аймагамбетова У.К

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 04-08 қыркүйек 2023ж

Апта күндері	**Дүйсенбі 04.09.2023ж**	**Сейсенб 05.09.2023ж**	**Сәрсенбі 06.09.2023ж**	**Бейсенбі 07.09.2023ж**	**Жұма 08.09.2023ж**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың күн тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны: "Бұл үйде кімдер тұрады?"** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың сөздік қорын арттыру, еске сақтауды дамыту. **Шарты:** Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды. **(қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Санамақ:** Бір дегенім - бесік, Шықтық содан өсіп. Екі деген - елім, Дала, туым, көлім. Үш дегенім - үміт, Үміт артар жігіт, Төрт дегенім - төзім, Төзе білем - өзім, Бес дегенім - бақыт, Бағалайтын уақыт. **(қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Үстел үсті ойыны: "Лото".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала ортақ атауға біріккен отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін жинайды. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**	**Фотосуреттерді қарастыру: «Менің отбасым».** Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу. **(шығармашылық іс-әрекет, қаза тілі)**	**Құрылыс ойындары: «Үй құрастырамыз».** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттыру. Ойын атрибуттары: **"Лего"** немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог балаларға өз үйлерін құрастыруды ұсынады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)**
Таңертеңгі жаттығу	**Танертеңгілік жаттығу кешені.**				

Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Отбасы»** тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. **(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау. **(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)**	Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(танымдық іс-әрекет)**	**"Менің отбасым"** тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар жасыру. Суреттер бойынша әңгімелеу. **(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**"Отбасындағы сыйластық"** тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** Балабақша қызметкерлері туралы әңгімелесу. **Мақсат-міндеттері: "Біздің балабақша қызметкерлері"** тақырыбында әңгімелесу. Артикуляциялық жаттығу. **«Дәмді тосап».** **Мақсаты:** Жалпақ тілдің ұшын жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы: жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек. 2. Тіл жалпайып, бүйірлері	**Көркем әдебиет.** **"Атаның сөзі - ақылдың көзі".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың отбасы, оның мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау, атаның асыл сөздері жайында ұғымдар беру; атадан қалған асыл мұраны жеткізу Мақал-мәтелді бірге айтады, жаттайды, мағынасын түсінеді **Өнер алды — қызыл тіл».** **«Ана тілің-анаң, қалдырған оны бабаң».** Педагог осы мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіреді. **Сауат ашу негіздері.** **"Буынға бөлейік"** **Мақсат-міндеттері:** Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру. **«Суыр, сұңқар, су қайда?»** ертегісі **Мақсаты:** Балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына өте қажет екендігін түсіндіру. **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері.** **«Себет толы жемістер»** **Мақсат-міндеттері:** Балаларды "бір" саны мен цифры туралы түсініктерін	**Көркем әдебиет .** М. Төрежанов **«Қамқорлық».** **Мақсат-міндеттері:** Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауды, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айтуға дағдыландыру. **Сергіту сәті.** Біз кішкентай баламыз, Өніп өсіп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. (Бәрі бірге, жек-жеке қайталайды). Мақал жаттату, оның мағынасын түсіндіреді. **«Жаңбырменен жер көгереді,** **Батыменен ер көгереді»** Мақалды бірге айтады, жаттайды, мағынасын түсінеді.	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері "Буынға бөлуді қайталау".** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын пысықтау. **Дидактикалық ойыны:** **«Қай буынды жоғалттым?»** Тәрбиеші бір буынды айтады, балаларға сөздің соңғы буынын табуды ұсынады. **Мысалы:** Са Мы Тыш

	ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғарғы еріннің үстіне қайыру керек **Математика негіздері. "Бақшадағы жемістер".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың ұғымында "бір" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; заттарды санаумен цифрлау бойынша сәйкестендіру біліктіліктерін арттыру. **Ойын: «Дәмді жемістер»** **Мақсаты:** Санау дағдыларын қалыптастыру. Көру арқылы қабылдауларын дамыту. **Шарты:** Әр балаға қалталы себет сұлбасы таратылады. Үстел үстінде суретті-карточкалар жатады: 1 алма, 2 алмұрт, 3 банан, 1 апельсин, 2 шие. Нұсқаулыққа сәйкес себетке бір жеміс бейнеленген карточканы орналастыру керек. **Сурет салу.** **Күзгі ағаштар"** **Мақсаты:**Балаларды елестету және заттарға	үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету. **Жұмбақ**. Судан ол қорқады, Бұдан кір қорқады. Ол не? (Сабын.) Сабын сөзін буынға бөлуді ұсынады. (Буынға бөледі, са-бын, екі буын екенін айтады.) **Дидактикалық ойын: «Қай буынды жоғалттым?»** Тәрбиеші бір буынды айтады, балаларға сөздің соңғы буынын табуды ұсынады. **Мысалы:** Са Мы Тыш Айтылған сөздің соңғы буынын табуды тырысты: -ғат -сық -қан **Қоршаған ортамен таныстыру. "Балабақша қызметкерлерінің еңбегі".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың балабақшада қызмет ететін әр мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту, меңгерушінің қызметі туралы мәлімет беру; үйлесімді қарым-қатынас жасау, еске сақтау	қалыптастыру; заттарды санаумен цифрлау бойынша сәйкестендіруді пысықтау. **Ойын: «Қатарға реттік саны бойынша орналастыр»** **Мақсаты:** Сандар қатарын құрастыру **(математика негіздері)** **Музыка** (маман жопары бойынша)	**Сауат ашу негіздер. "Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар".** **Мақсат-міндеттері:** Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру. **Сергіту сәті.** Түзел! Тік тұр! Орныңда адымда! Әуенменмен адымдауды бастаймыз, бастаймыз, Алға нық қадамдар жасаймыз, жасаймыз, Оң аяқты, сол аяқты көтеріп Қолды сермеп қашықтықты сақтаймыз. Оң аяқты, сол аяқты көтеріп Қолды сермеп қашықтықты сақтаймыз. **Саусақ жаттығуы:** Өрмелеген өрмекші, Өнеріңді көрсетші. Қалай, қайтіп тоқыдың, Мынау ғажап өрмекті? **Қоршаған ортамен таныстыру "Отбасы және туыстарым".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың отбасы, оның мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау, туыстық жайында	Айтылған сөздің соңғы буынын табуды тырысты: -ғат -сық -қан **Математика негіздері. "Мен отбасымда нешіншімін?"** **Мақсат-міндеттері:** Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру. **Логикалық жаттығу. «Отбасындағы адамдарды бойларына қарай қатарға тұрғыз»**

	қарап күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.	қабілеттерін дамыту. **Дидактикалық ойын:** **«Кімге не қажет?»** **Мақсаты:** Маман иелерінің құралдарын және қажетін еске түсіріп, пысықтау. **Шарты:** - Балалар, сендер үстелдің үстінде жатқан құралдар қай мамандық иелерінің құралдары екенін танып, ол құралмен не істеуге болатынын айтып берулерің қажет. **Музыка.** **(**маман жетекшісінің жопары бойынша)		ұғымдар беру; отбасының барлық мүшелерін дұрыс атауды үйрету **Жұмбақ.** Онда әкем-шешем тұрады, Ата-әже бауырым. Бәрі бірге қосылып, Бір ұғымды құрады. - Ал енді жауабын айтайық.. **Ойын:** **«Лулия сақинасы»** **Мақсаты:** Отбасы бөліктерін сақинаны айналдыру арқылы табу	
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**Ағаштарды бақылау.** **Мақсаты**: Күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. **Көркем сөз:** Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді **Тақпақ:** Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп,	**Тұманды бақылау.** **Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат түсінік беріп; табиғат құбылысы тұманды бақылау. Қоршаған ортаның әдемілігін сезініп түсінуге үйрету, күздің алуан түрлілігін көруге үйрету. Тәрбиеші тұман ол – табиғаттың бір құбылысы екендігін айтады, күн шыға бастағанда тұман азая бастайды, ал күн жылына бастағанда туман жоқ болып кетеді, ол ауа-райының өзгеруінен пайда болатын құбылыс. **Болжам:** Күз жылы болса-қыс ұзақ болады. Жұмбақ.	**Шықты бақылау.** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. **Бақылау**: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? **(Шық)** Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық	**Күзгі аспанды, бұлтты бақылау.** **Мақсаты:** Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру. Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл). Түнде және күндіз аспанда не пайда	**Аула тазалаушыны бақылау.** **Мақсаты**: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. **Көркем сөз:** Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қараңдаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек етеді.

	Көз тартады атырап. **Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»** **Мақсаты:** Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту **Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»**	Құстар қайта бастады, Құстар қанат қағады, Қоштасқандай бізбенен Бұл қай кезде болады? **(Күзде)** **Ойын: «Күн мен түн»** **Мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын ояту, ой-өрісін дамыту. **Алаңдағы еңбек:** Ойын аланың сыпыру.	күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.) **Жұмбақ:** Мөлдіреген жүзімді, Ұстап едім, езілді. **(Шық)** Таңертең бар, кешке жоқ Кеш түгелі түсте жоқ Мен әдемі моншақпын Ірі емеспін, ұсақпын, Мойнына ешкім таға алмас (Шық) **Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»** **Алаңдағы еңбек:** қураған өсімдіктерді жинау.	болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар) **Болжам:** аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны. **Жұмбақтар:** Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді, Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? **(Жаңбыр)** Күндер қысқарады, түндер ұзарады Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? **(Күз)** **Жұмбақ:** Көлігі жоқ, көшеді, Өзін кезбе деседі. **(бұлт)** **Қозғалмалы ойын:** «Орамал тастау». **Алаңдағы еңбек**: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)	• Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? • Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? • Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? **Мақсаты:** Қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу. **Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ»** **Мақсаты:** Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді. **Еңбек алаңында жұмыс істеу:** Қоқыстарды белгіленге орынға жинау.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Арпа-бидай ас екен,				

	Алтын-күміс тас екен.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. **(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық іс-әрекет)**				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Сюжетті-рөлдік ойын: "Отбасы".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің өз үйлерінде атқаратын рөлін пысықтау; үлкенге құрмет, жақындарына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. **Құралдар.** Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық-саймандар, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника және тағы басқа заттар мен киім үлгілері. **Шарты.** Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, күн тәртібінде қандай оқиғаны сомдау қажет екенін анықтап	**Дидактикалық ойын: "Сөздер тізбегі".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. **Шарты.** Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді жылдам таба алмаған бала айыбын өтейді, өз өнерін көрсетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**Сюжеттік-рөлдік: ойын.** **"Дәріхана".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. **Құралдар.** Дәрі-дәрмектердің ойыншық пішіндері, "Дәріхана" сөмкелері, ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. **Шарты.** Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын ала әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін,	**Дамытушы ойын: "Сынық телефон".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Шарты.** Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Ойын басында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды. Егер баланың айтқан сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон	**Вариативтік компанент: "Қызықты логика әлемі"** **Тақырыбы:**«Хайуанаттар бағына саяхат» **Мақсаты:**Балаларға хайуанаттар туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға үйрету арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. **Театрландырылған қойылым.** **"Үйшік"** ертегісі. **Мақсат-міндеттері:** Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. **Құралдар.** **"Үйшік"** ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің

	жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, пысықтау сұрақтарын қояды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**		дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек көрсетуге арналған қандай құралдардың сатылатынын анықтайды. Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін ойнау туралы қалауларын білдіреді, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	ақаусыз істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп сөзді бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	киімдері, маскалары, үйшіктің нақпішіні. **Шарты.** Педагог балаларға **"Үйшік"** ертегісінің мазмұнын алдын ала қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында, автор рөлін педагог өзі алады, содан кейін балалардың арасынан автордың рөлін ойнайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды ортаға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады. Ойын соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)**
Балалармен жеке	Алибекпен	Златамен	Жігермен	Асылыммен	Жігерге

жұмыс	**"Менің отбасым",** отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. **Мақсат-міндеттері:** Балалардың сөйлеу тілін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	**"Отбасы"** тақырыбында санамақтар айтқызу. **Мақсат-міндеттері:** Балалардың сөйлеу тілін дамыту. **Мысалы:** Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде - бесеуміз. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**"Жоғалған зат"** үстел үсті ойын: **Мақсат-міндеттері:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. **Барысы:** Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Педагог үстелден бір затты алып тастайды. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**"Отбасы"** тақырыбында санамақтар айтқызу. **Мақсат-міндеттері:** Балалардың сөйлеу тілін дамыту. **Мысалы:** Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде - бесеуміз. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Санамақтар айтқызу. М. Қуанышбеков **"Санамақ".** Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің. Нешеу болды, қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ - балапанын.
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**Картотека №2**	**Картотека №3**	**Картотека №4**	**Картотека №5**	**Картотека №6**
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** Арт-терапиялық суреттерді бояу. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**				

қарау және тағы басқа әрекеттер)	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	**«Менің үйім - менің отбасым»** тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. **«Отбасындағы еңбек тәрбиесі»** тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу».

Бекітілді
Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т:Аймагамбетова У.К

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 11-15 қыркүйек 2023ж

Апта күндері	**Дүйсенбі** **11.09.2023ж**	**Сейсенбі** **12.09.2023ж**	**Сәрсенбі** **13.09.2023ж**	**Бейсенбі** **14.09.2023ж**	**Жұма** **15.09.2023ж**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатымен, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бой, салмақ өлшеу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**«Балабақша ережелері»,** «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Құрылыс ойындары:** **«Иттің үйшігі».** **Мақсаты:** Балалардың қиялын, зейінін, жануарға сүйіспеншілігін дамыту. **Ойын атрибуттары:** **"Лего"** немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады. **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу:**	**Үстел үсті ойыны:** **"Лото".** **Мақсаты.** Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу.Түрлерінің ұқсастықтарына қарай әрбір бала қандай да бір геометриялық пішінді алады, соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды	**Үстел үсті ойыны:** **«Ойық ішіндегі заттарды орналастыру».** **Мақсаты:**Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу:** "Менің сүйікті ертегім. **«Ақымақ қасқыр»** қазақ халқының ертегісі." **Мақсаты:** Ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің	**Үстел үсті ойыны:** **"Лото".** **"Үй жануарлары".** **Мақсаты:**Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу.Карточкаларды түсіне қарай іріктеу. **Математика негіздерінен ойын-жаттығу:** Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты	**Санамақ:** Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық ... Сен, қал! Сен, шық! (Қадыр Мырза Әли)

	"«Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі" **Мақсаты:** Балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына өте қажет екендігін түсіндіру. Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру.	таңдайды. **Қоршаған ортамен таныстыруданудан ойын-жаттығу: "Ауа райын болжаймыз" Мақсаты:** Балаларға табиғаттағы ауа-райы жағдайын (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) бақылауды үйрету, олардың нәтижелерін түсіндіру; табиғаттағы ауа-райына қатысты халық болжамдарымен таныстыру. **Логикалық жаттығу: "Жыл мезгілдерін ретімен салып шық".**	рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету. **Дидактикалық ойын: "Ол қандай?".**	мөлшерлеуі)" **Мақсаты:** Балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жатыттықтыру. **Жаттау жаттығуы:** "Қазақ халқының тәулік бөліктері".	
Таңертенгі жаттығу	Ертеңгі жаттығулар кешені.				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Астан соң беті-қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Жанды және жансыз»** табиғат туралы әңгімелесу.	**«Табиғат әлемі»** тақырыбында әңгімелесу	**"Керекті киімді тап"** үстел-үсті ойыны: **Мақсаты:**Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға	**"Жыл мезгілдері"** дидактикалық ойыны: **Мақсаты:**Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгіл өзгерістерін талқылау.	**"Жәндікті ата"** үстел үсті ойыны: **Мақсаты:**Балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.

			тәрбиелеу.		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту. «Суыр, сұңқар, су қайда?"** ертегісі **Мақсаты:**Балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына өте қажет екендігін түсіндіру; суды үнемдеп пайдалануды қалыптастыру және судың ерекшеліктерін балаларға жеткізу; өмірімізге өте қажетті суды ластамауға үйрету. Адамгершілікке тәрбиелеу. СӨЗДІК ЖҰМЫС Балалардың сөздік қорына "су", "тұнық", "суыр", "сұңқар" сияқты сөз тіркестерін, қосу күн тәртібіне байланысты "өмірімізге қажетті", "тәкәппар" сияқты сөздерді айтқызып, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру **Математика негіздері.**	**Көркем әдебиет. Орман дәрігері»** ертегісі. **Мақсаты: Е**ртегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды не жағымсыз қасиеттерін түсінуді, ертегіні тыңдауды үйрету. Ертегіні рөлдерге бөліп ойнату арқылы балалардың еске сақтау қабілеттерін дамыту. Ертегі арқылы балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу **«Көлеңкесін тап» дидактикалық ойыны:** **Мақсаты:** балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамтыу. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. **Сауат ашу негіздері "Сөйлеммен танысайық, қайталау"**	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту. "Менің отбасым"** тақырыбында әңгімелесу. **Мақсаты:**Отбасы мүшелерінің үйдегі , дастархан басындағы орны туралы түсінеді. Отбасы мүшелерін құрметтеуді біледі. **Тату – тәтті тұрамыз»** Бір шаңырақ астында, Тату –тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз**.** **«Отбасы аялдамасы»** - Балалар отбасы деген не? - Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек. -Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек. **Сахналық көрініс:** Алдын ала жүргізілуі тиіс жұмыс . Тақпақты жаттату. Сейфолла Оспановтың **«Бақыт деген не өзі?»** **1-бала:**Айтшы білсең	**Көркем әдебиет.** Менің сүйікті ертегім. **«Ақымақ қасқыр»** қазақ халқының ертегісі." **Мақсаты:**Ертегіні оқып беру, мазмұндауды үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, айтатын сөздерін айтқызу арқылы байланыстыра сөйлеуді, **Жұмбақ.** Белестен шыққан бесті ат, Бүкір келген желісті ат. Бейғам елді іздейді, Малдан күдер үзбейді. (Қасқыр.) **«Қақпан» ойыны.** **Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлініп, үлкен топ «қақпан», екіншісі «қасқырлар» болады. Үлкен топтағы балалар қол ұстасып шеңбер бойымен жүріп өлең айтады. Қане, қане, халайық. Қасқыр қақпан құрайық. Қане, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр, - дегеннен кейін, ұстасқан қолдарын	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздер. "Дауысты дыбыспен танысайық"** бекіту **Мақсаты**:Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйретуді қайталау. Балалардың еске сақтау қабілетін, ой-өрісін, шығармашылығын, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, өз ойын толық жеткізе білуді үйрету, әрбір баланың даралығын дамыту. Суретпен жұмыс: Суретке қарап сөйлем құра. Ойын:«**Сиқырлы текше»** Текшенің жан-жағында сюжетті суреттер**.** Бала текшені лақтырады, түсуретке қарап сөйлем құрап әңгімелейді **Құрлымдалған ойын: «Не қандай дыбыс**

	Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету; әртүрлі орналасқан заттардың жиынын көзбен көріп санап алу білігін бекіту; өзіне қатысты және өзіне қарсы оң жақ пен сол жақты ажырату дағдыларын қалыптастыру; біркелкі бірнеше заттардың топтамаларын саны кіші тең топтамаларға бөлу амалына үйрету; зейін, логикалық ойлау, елестету, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу, Отанын құрметтеу қасиетін қалыптастыру Панно алдында тура және кері санауға жаттығу. **«Тура және кері санау».** Педагог балаларға сандар жолағын	**Мақсаты**:Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйретуді қайталау. Балалардың еске сақтау қабілетін, ой-өрісін, шығармашылығын, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, өз ойын толық жеткізе білуді үйрету, әрбір баланың даралығын дамыту. **Суретпен жұмыс. Суретке қарап сөйлем құра.** **Ойын:«Сиқырлы текше»** **Мақсаты:**Текшенің жан-жағында сюжетті суреттер**.** Бала текшені лақтырады, түскен суретке қарап сөйлем құрап әңгімелейді **Құрлымдалған ойын: «Не қандай дыбыс шығарады?»** **Шарты:**Дауыссыз дыбыстарды айту. Дауыссыз	егер де, Бақыт деген не? **2-бала:** Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағың. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дәні даланның. «Ботам» деуі әжеңнің, Тыныштығы әлемнің. **3-бала:** Қайда бақыт мекені, Қалай оған жетеді? **4- бала:**Адал еңбек етесің Сонда ғана жетесің. **Сезім:** Көрінбейтін көзіңе, Сонда оның өзі не? **5- бала:**Бақыт деген, сөзім шын Айналайын, өзіңсің! **Қазақ тілі** (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері.** **Тақырыбы:** Кеңістік ұғымдарын бекіту. **Мақсаты:** Балалар кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйренеді **Бала,бала,баламыз"** Е.Өтетілеуұлы. Бала,бала,баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа	жоғары көтереді. Осы сәтте шетте тұрған қасқырлар шеңбер тасасындағы қой қорағалап қояды. Егер ойын басқарушының «жат» деген сөзінен кейін барлығы қолдарын төмен түсіріп отырып қалса, ортада қалған қасқырлар қақпан тобына қосылады. Ал, өтіп кеткендері ойынды жалғастырады **Сауат ашу негіздері. "Дауысты дыбыспен танысайық"** **Мақсаты:**Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігін түсіндіру. Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Байқағаштыққа тәрбиелеу. **Не, қалай дауыстайды?» дидактикалық ойыны:** **Ойын шарты:** Тәрбиеші үй жануарларының суретін көрсетіп,	**шығарады?»** **Шарты:**Дауыссыз дыбыстарды айту. Дауыссыз дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды. Жазу кезінде дұрыс отыру ережесімен таныстырады. Ұзын және қысқа таяқшаларды жазуға үйретеді. **Математика негіздері. Кеңістік ұғымдарын бекіту.** **Мақсаты:** Балалар кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйренеді **Ой дамыту.**Ертеде сандар патшалығында санның үлкен кішісі болмапты. Сандар сондықтан да кейде бір-бірімен келісе алмай, керісіп қала береді екен. Сонда сандар патшасы барлығының орнын тауып реттей бастайды. 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10. 10 қане тура және кері санайық. Осылайша сандар рет-ретімен тұрыпты да бір күні үш бұрыш келіп бір санды, төрт бұрыш келіп бір санды алып кетіпті. Қане кім табады? Үш бұрыш қандай санды, төрт бұрыш қандай

	көрсетеді. Көзбен көріп санауға жаттығу. **«Саны қаншаны көрдім?»** **Мүсіндеу «Зырылдауық»** **Мақсаты:**Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды жасауға жұмылдыру. **(шығармашылық іс-әрекетке дамыту)**	дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды. Жазу кезінде дұрыс отыру ережесімен таныстырады. Ұзын және қысқа таяқшаларды жазуға үйретеді. **Қоршаған ортамен таныстыру.** **«Ауа райын болжаймыз»** **Мақсаты:** Балалардың табиғаттағы жыл мезгілдеріндегі маусымдық өзгерістер туралы ұғымдарын жетілдіру; табиғаттағы ауа райының жай-күйін бақылауды және табиғат күнтізбесіндегі бақылау нәтижелерін атап өтуді үйрету; айтылған пайымды қарапайым дербес тәжірибек іс-әрекеті арқылы тексеруге жаттықтыру; ақыл-ой, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; зияткерлікке баулу,	Батамызда қаламыз 1.Бір жылда неше жыл мезгілі болады? 2.Бір аптада неше күн бар? 3.Төртбұрышта неше бұрышы бар? 4. 5 саны мен 7 санын арасында қай сан бар? **Музыка** (маман жоспары бойынша)	олардың не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Мә-ә-ә-ә-ә! Сиыр мөңірейді: Мө-ө-ө-ө! Жылқы кісінейді: Ио-о-о-о! Түйе боздайды: Бө-ө-ө-ө! Ешкі бақырады: Бә-ә-ә-ә! **Қоршаған ортамен таныстыру.** **«Күзгі табиғат»** **Мақсаты:**Күзгі табиғат туралы білімдерін кеңейту табиғаттағы ауа райының жай-күйін бақылауды және табиғат күнтізбесіндегі бақылау нәтижелерін атап өтуді үйрету; **Ойын:«Бұл қай кезде болады?»** **Мақсаты:** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету**.**	санды алып кеткен? Неліктен? Содан бастап үш бұрышта үш ғана бұрышы, төрт бұрышта төрт ғана бұрыш болыпты. Содан бастап үш бұрыш пен төрт бұрыш дос болыпты. Үй тұрғызғанда қандай пішін қолданамыз?

		достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. **Іс-әжірибе жаттығуы:"Күн райын бақыла".** Педагог балаларға күн райын бақылауға тапсырма береді. - Балалар, күз мезгілінде күнде әртүрлі болып жатады, дегенмен, қазіргі күн райының қалпын таңбалауыштар арқылы белгіліп шығуларыңды сұраймын. Әрбір бала өз орнында әртүрлі таңбалауыштарды қолданады. **Музыка** (маман жоспары бойынша)			
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	**Гүлзарларды бақылау:** **Мақсаты**: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, құрайтыны туралы түсінік қалыптастыру	**Күзгі жәндіктерді бақыла:** **Мақсаты:** күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру. **Бақылау:** шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке	**Маусымдық өзгерістерді бақылау:** **Мақсаты**: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа	**Жаңбырды бақылау:** **Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру. Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады. Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық боп	**Ауаны бақылау:** **Мақсаты:**Балаларды табиғаттың бір құрамдас бөлігі ауамен, және оның қасиеттерімен таныстыру.Біз немен демаламыз? Бірінші. Терең - демді ішке тартып, содан соң оны қайта шығарайық. Қалай

	Бақылау:Күн жылы болып, кун сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. **Тақпақ:** Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап сүйеді Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады. Ө.Тұрманжанов Қимыл – қозғалыс ойын:«**Мысық пен торғайлар».** **Мақсаты:** жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету, **Еңбек алаңында жұмыс істеу :** Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау**.**	қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу. **Көркем сөз:** «Көбелек» Көбелек –ау, көбелек! Әдемісің керемет Гүлге келіп қона ғой Өзің де гүл бола ғой.	дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. **Тақпақ:** Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев **Қозғалмалы ойын:** «Ұшақтар». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. **Алаңдағы еңбек:** құстарға жемсалғыш жасау.	келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады. Жаңбырлы күнді терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқаның тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққаның тамашалау. Жолдарда кандай шалшық сулар пайда болғаның көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды. Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) . Адамдар неге осылай киінген? **Тақпақ:** Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер! Сенен бақша, бауөнер	ойлайсындар біз нені шығардық? (ауаны). Ауа деген не? Кімде – кім оны көрдіме? (біз оны көрмейміз, бірақ әрдайым біздің қасымызда) Неге біз оны көрмейміз? (ауа – жеңіл, көзге көрінбейді) Бідің демалатынымызды қалай тексереміз? Алақанымызды бірінші аузымызға апарым, содан соң мұрынға апарып демалыңыз. Сендер не сездіңдер? (алақанымыз жылынды, біздің демалысымыздан) **Жұмбақ:** Көзге ілінбейді, Жұтсаң білінбейді. (Ауа) **Қозғалмалы ойын:** «Қоңыздар» **Мақсаты:**Балаларды жан- жақты жүгіруге , белгі бойыншща қозғалысты өзгертуге назар аударуға үйрету. **Еңбек әрекеті:** Сынған бұтақтарды және жапырақтарды жинау**.**

		Қозғалмалы ойын: «Инеліктің әні» **Мақсаты:** сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. **Еңбек алаңында жұмыс істеу:** ағаштардан кепкен бұтақтарды алып тастау, жапырақтарды жинау.		Жадырасын туған жер Күміс моншақтама бер **Қозғалмалы ойын: «Соқыр теке қоңырауымен» Мақсаты:** Балалардың көңіл күйін көтеру. **Алаңдағы еңбек:** құстарға жемсалғыш жасау.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп, аяқты кезекпен сермеу. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: "Бұл қай мезгілде болады?" Мақсаты:** Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін,	**Дидактикалық ойын: "От, су, аспан, жер". Мақсаты:** Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін	**Дамытушы ойын: "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсаты:**Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын,	**Дидактикалық ойын: "Не, қалай естіледі?"** (табиғат құбылыстары). **Мақсаты:** Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық	**Вариативтік компанент: “Қызықты логика әлемі” Тақырыбы:Кім тапқыр? Мақсаты:**Балаларды жіктеу, орналастыру,ойнату пайымдауды қажет

	байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. **Шарты:** Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет.	қабілеттерін дамыту; **Шарты:** Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде ((тұрады). ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін. Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!" не "Су!", не "Аспан!", не "Жер!" деп, допты қолға лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, су асты жануарын атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.	тапқырлығын дамыту. **Шарты:** Жүргізуші. **1-нұсқа.** Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. **2-нұсқа.** Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді. **3-нұсқа.** Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.	мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; **Шарты:** Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. **Мысалы:** Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..	ететін логикалық тапсырмаларды орындату,заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру. **Дидактикалық ойын: "Ұстап ал да түсін ата".** **Мақсаты:** Балалардың допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атай білуде жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту. Құралдар. Доп. Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді.
Балалармен жеке жұмыс	Гүлназбен жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу.	Нарқызбен "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.	Данелияға тақпақ айтқызу. **"Күзде"** (Ескен Елубаев) Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе,	Маханбетпен**"Күз"** тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету.	Валерияға күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу.

			Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс сағаң, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз!		
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	Картотека №7	Картотека №8	Картотека №9	Картотека №10	Картотека №11
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Кешкі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Еркін ойындар.Сюжетті-рөлдік ойындар. Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры. Арт-терапиялық суреттер бояу.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға ұсыныс: Айына бір рет **«Отбасы күнін»** өткізу».	«Балабақша ережелері», **«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?»** тақырыптарына әңгіме жүргізу.	Ата-аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.	**«Менің достарым»** атты тақырыпта әңгімелесу.

Бекітілді
Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т Аймагамбетова У.К

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 18-22 қыркүйек 2023ж

Апта күндері	***Дүйсенбі*** **18.09.2023ж**	***Сейсенбі*** **19.09.2023ж**	***Сәрсенбі*** **20.09.2023ж**	***Бейсенбі*** **21.09.2023ж**	***Жұма*** **22.09.2023ж**
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; балаларға жағымды орта туғызу.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны: "Жалпы атауын бер".** **Мақсаты**:Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары,жабайы жануарлар)	**Саусақ жаттығуы: Он саусақ.** Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашып жұмамыз) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)	**Дидактикалық ойын: «Домино».** **Мақсаты:** **Мақсаты:**Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс ататқызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру. **Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. **Қажетті құралдар.**	**Дидактикалық ойын: «Суретті құрастыр».** **Мақсаты:** **Мақсаты:**Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. **Ойын іс-әрекеті:** Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.	**Дамытушы ойын: "Мен өзіммен бірге жолға аламын".** **Мақсаты:**Логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер. **Сипаттама:**Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте

		Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз) М. Әлімбаев	Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.	**Қажетті құралдар:** Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері. (көлімдері 7×8 см карточкалар).	әртүрлі болуы керек.
Таңертенгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығу кешені				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Таңғы асты тастама.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	ҚР Рәміздері туралы әңгімелесу.	ҚР Елбасы мен президенті туралы әңгімелесу.	Туған тіл туралы мақал-мәтелдер жаттау.	Астана қаласының суретіне қарап әңгімелесу.	"Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** **«Менің сүйікті ойыншығым»** **Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар туралы түсініктері молаяды. Олардың жасалу жолдарын түсінеді. Ойыншықтарды сипаттау арқылы баланың сөздік қоры дамиды Өлең оқу. «Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау қозы құлыншақ Ойыншықтар тыңдайды, Емес олар ұрыншақ. Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқанымнан шықпайды Бұзау, қозы, құлыншақ,	**Көркем әдебиет.** "Ана тілім - байлығым" Мақсаты: Біздің мемлекетік тіліміз - ана тілі және әр ұлттың өз тілі бар екенің түсінік беру. Сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Ана тілін құрметтеуді үйрету. Патриоттық сезімдерін ояту. **Сауат ашу негіздері.** **"Дауыссыз дыбыспен танысайық"** **Мақсаты:**Дауыссыз дыбыстың ерекшелігін айту, сөз, сөйлем, буын туралы ойларын қалыптастыру. Оларды жеке талдап, жұмыспен дәлелдеп көрсету. Балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын, тілін	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту** "Рәміздер - ұлттық құндылық" **Мақсаты:**Қазақстан Республикасы мемлекетінің рәміздері туралы түсіндіру. Тілдік байлықтарын дамыту. Қазақстан елінің жерімен қалаларымен таныстыру. Мемлекетік рәміздерімізді қорғауға тәрбиелеу. Елімізді қорғап, аялуға тәрбиелеу. Отан туралы қандай мақалдар білеміз? 1.Отан оттан да ыстық. 2.Отан-отбасынан басталады. 3.Отан үшін отқа түс-күймейсің.	**Көркем әдебиет.** «Кітап неден жасалған?» **Мақсаты:**Балалардың өз ойларын айту, тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойдан шығара білуге үйрету. «Кітаптар жәрмеңкесі» Балалардың үйден дайындап әкелген кітаптарынан жәрмеңке ұйымдастырып, басқа топтардың балаларын шақырып тамашалату, таныстыру. **Сауат ашу негіздері.** "Дауысты дыбыспен танысуды қайталау" **Мақсаты:**Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігін түсіндіру. Дауысты дыбыстардың артикуляциялық ерекшелігін түсіндіру. Балалардың сөйлеу тілін	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері.** "Дауысты дыбыстар "**Мақсаты:**Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігін түсіндіру. Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Байқағаштыққа тәрбиелеу **«Қандай дыбыс?»** дидактикалық ойыны: **Мақсаты:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету

	Маған қабақ шытпайды. Өлең не туралы айтылған? **Математика негіздері. "Ауылдағы қызықтар"** **Мақсаты:** Балалардың уақыт пен тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту; тәулік бөліктерін ажыратып, нақты атауға жаттықтыру; күн тәртібі мен оның маңызын түсіндіру; есте сақтау, логикалық ойлау, көру қабілеттерін дамыту; үлкенге құрмет көрсетуге, жанашырлыққа, әдептілікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу **Жұмбақ жасыру:** 1.Ұйқымыздан тұрамыз, Беті қолды жуамыз. (Таңертең) 2.Әжемізге ереміз, Бақшамызға келеміз. (Таңертең) 3.Білімді санаға құйамыз, Түскі астан дәм татамыз. (Түсте) 4. Күн батады қызарып, Үйге қайтам жиналып. (Кеш) 5. Дем алады бар әлем, Әлдилейді ақ әжем. (Түн) **Жапсыру.** **«Анашымның тосабы»**	дамыту. Саңырауқұлақ» ойыны. Педагог үстелдің үстіне саңырауқұлақтардың суретін тізеді, әр саңырауқұлақтың астында сұрақ бар. Балалар таңдап алады, педагог оқиды, бала жауап береді. 1. Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2. Дыбыс дегеніміз не? 3. Дауысты дыбыстар деп неге атаймыз? 4. Дауыссыз дыбыстарға не кедергі келтіреді? **Қоршаған ортамен таныстыру.** **"Қазақстанның қазба байлықтары"** **Мақсаты:** Табиғатқа қамқорлықпен қарауға, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, Жұмбақтар жасыру Баласымын даланың Туғаннан дақсыз қарамын Қыс келсе үйді жылытып Пеште лаулап жанамын. - Балалар, бұл не? (Көмір.) Алтындай сары тоны бар	4.Туған жерге туың тік. **Қазақ тілі .** (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері. «Біреу-көп»** **Мақсаты:** Заттардың белгілерін тауып, оларды сол белгілеріне қарай жіктеу қабілеттері қалыптастыру. Балалардың сөйлеу қабілеттері мен зейіні, саусақтың ұсақ бұлшық еттері дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу **Күтілетін нәтиже:** Заттардың белгілері бойынша жіктейді, біреу-көп ұғымдарын түсінеді. **Музыка** **(**маман жоспары бойынша**)**	жетілдіру, сөздік қорын байыту **Буын ұйқастар:** Ра-ра-ра – ұшып жүр ара. Ар-ар-ар – дала толы қар. Ыр-ыр-ыр – үйдің сыртында қыр. Ры-ры-ры – жапырақтар сары. Ір-ір-ір – үсті – басы кір. 2-3 рет қайталайды **Қоршаған ортамен таныстыру.** **"Елімнің байлығы - бидай"** **Мақсаты:**Балалардың дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерді тиянақтау; нан және оны дайындау туралы білімдерін кеңейту; зерттеу қызметіне ұмтылысын, білімқұмарлықты дамыту; үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Көркемсөз. Қалауи Хасенов "Элеватор" Элеватор, элеватор, Машиналар келе жатыр. Кетіп жатыр, Кетіп жатыр, Сүйікті Отан қоймасына Алтын астық төгіп жатыр. - Балалар, элеватор сөзі нені білдіреді?	және дыбыстық талдау жасауға дайындау. Ойын тәртібін түсіндіреді. - Қазір мен дыбыстарды бір-бірден айтамын. Егер дауысы бар, әнші дыбысты естісеңдер, қызыл дөңгелекті көтеріп көрсетіңдер. Дауысы жоқ, ән айтпайтын дыбысты естісеңдер, көк дөңгелекті көрсетіңдер. **Математика негіздері. "Қазақстан Отанымды мен не үшін сүйемін?"** **Мақсаты:** Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету; әртүрлі орналасқан заттардың жиынын көзбен көріп санап алу білігін бекіту; өзіне қатысты және өзіне қарсы оң жақ пен сол жақты ажырату дағдыларын қалыптастыру; Дәптермен жұмыс.

	Мақсаты:Балаларды тосапқа арналған ыдыс трафаретін түрлі-түсті және қатырма қағаз бетіне қарындашпен бастырып, нобайы бойымен қиып алуға, екеуін бір-біріне желіммен жапсыруға, алмалар және алмұрт трафаретін түрлі-түсті қағазға бастырып, тең ортасына бүктеп, бір-бірінің үстіне жапсыруға, дайын жемістерді тосапқа арналған ыдыстың бетіне жапсыруға үйрету; тосапқа арналған ыдыстың қақпағын гофрленген қағазды бірнеше қайтара бүктеп, ыдыстың жоғарғы жағына жапсырып, түрлі-түсті таспамен бантқылып байлап безендіруге үйрету; отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар шешуге ынталандыру; ананың бала өміріндегі маңызы туралы білім беру.	Қауызында дәні бар. - Балалар, бұл не? (Бидай.) Күнді сүйемін, Күллі жұртқа ырыспын Алсын деп мол өнім Ала жаздай су іштім. - Балалар, бұл не? (Күріш.) Үйге негіз саламын, Пеште отын боламын, Қағазды жыртсаңдар, Ойлаңдар, Бұның негізі ... (Ормандар.) **Музыка** **(**Маман жоспары бойынша**)**			
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	**Ауаны бақылау:** **Мақсаты:**Балаларды табиғаттың бір құрамдас бөлігі ауамен, және оның	**Бақшадағы өсімдіктерді бақылау:** **Мақсаты:** Бақашада өсетін өсімдіктерді	**Жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау:** **Мақсаты:** Күн суыған кезде, күздегі құстардың	**Қайынды бақылау:** **Мақсаты:** Қайынмен таныстыруды жалғастыру, олардың	**Ағаштар мен бұталарға бақылау:** **Мақсаты:** Аландағы бұтақтармен ағаштарға

	қасиеттерімен таныстыру. Біз немен демаламыз? Бірінші. Терең - демді ішке тартып, содан соң оны қайта шығарайық. Қалай ойлайсындар біз нені шығардық? (ауаны). Ауа деген не? Кімде – кім оны көрдіме? (біз оны көрмейміз, бірақ әрдайым біздің қасымызда) Неге біз оны көрмейміз? (ауа – жеңіл, көзге көрінбейді) Бідің демалатынымызды қал ай тексереміз? Алақанымызды бірінші аузымызға апарым, содан соң мұрынға апарып демалыңыз. Сендер не сездіңдер? (алақанымыз жылынды, біздің демалысымыздан) **Жұмбақ.** Көзге ілінбейді, Жұтсаң білінбейді. (Ауа) **Қозғалмалы ойын:** «Қоңыздар» **Мақсаты:**Балаларды жан- жақты жүгіруге , белгі бойыншща қозғалысты өзгертуге назар аударуға үйрету. **Еңбек әрекеті:** Сынған бұтақтарды және жапырақтарды жинау**.**	ажырату, олардың адамға пайдасы, адамдардың қысқа дайындығы туралы түсінік беру. **Болжам:**Сарымсақтың қабығы қалың болса – қыстың аяз болғаны. **Тақпақ:** Апорт деген тәтті алма Өседі ол бақтарда Апорт деген тәтті алма Өседі ол бақтарда. **Жұмбақ:** Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайды, Күзде кетер қоштасып, Кім біледі .. (торғайды)? **Қозғалмалы ойын:** «Ұшақтар». **Мақсаты:** жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрет, достастыққа тәрбиелеу.. **Алаңдағы еңбек:** қураған өсімдіктерді жинау	өмір сүру өзгерістері, жылы жаққа кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Қандай құстар жылы жаққа ұшады? (қарлығаш, аққу тырна, үйрек, қаз,) Олар неге жылы жаққа кетеді? Құстар топталып төмен ұшып жүрсе, олар жылы жаққа кетеді. Ең бірінші қарлығаштар кетеді, өйткені күн суығанда барлық жәндіктер жоғалалады, жаз бойы оларды ұстап қоректенген. Ең ақырығы үйректер, қаздар, тырналар кетеді, өйткені, өзен, көлдер беті қата бастайды, оларға тамақ табу қиындыққа түседі. **Көркем сөз:** Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта Жем шашуды ұмытпа! – **Қимыл-қозғалыс ойын:** «Торғай мен мысық» **Мақсаты:** Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. **Еңбек әрекеті:** Құс қауырсыңдарын жинау.	маусымдық өзгерістеріне және негізгі белгілеріне сипаттама беру. Тірі табиғатқа – қамқор бола білуге тәрбиелеу. .**Тақпақ:** Ақ қайын Алатауды бөктерлей Өседі ылғи ақ қайың Жапыраға көкпеңбек Жайқалады жаз сайын Н. Әлімқұлов **Қимыл – қозғалыс ойын:** «Аталған ағашқа жүгір». **Мақсаты:** тез, шапшаң аталған тоғайды табуды жаттықтыру. **Алаңдағы еңбек:** алаңға түскен жапырақтарды, қураған бұтақтарды жинау	бақылау жасау. Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақтары түсіп жатқанына, алуан түске енуне назар аудару. **Болжам:** күзде жапырақтар ерте түссе, қыстың суық болады, сонымен катар қыс ерте басталады. **Мақал-мәтел:** Күздей бер, күздей берсең үзбей бер. **Тақпақ** «Қарағай» Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Кең құшағын ашады, Көлеңкесін тосады Көп қарағай,қарағай Мейірбанды анадай. **Жұмбақ:** Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (Жапырақ) **Қозғалмалы ойын:** «Тығылмақ» **Мақсаты:** шапшаңдыққа, ептелікке жетілдіру. **Алаңдағы еңбек**: Ағаштардан түскен әдемі жапырақтарды жинап, олардаң жапсыра отырып бір бейне жасау. (балық, қоян, кірпі)

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай, көрпелерін жамылып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады) Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Сюжетті-рөлдік ойын: Аспазхана".** **Мақсаты:**Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік сақтау, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.	**Логикалық ойын: "Келешекте неге айналады?"** **Мақсаты:**Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.	**Дидактикалық ойын: "Сөздер тізбегі".** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. .	**Дамытушы жаттығу: "Не өзгерді?"** **Мақсаты:**Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. .	**Вариативтік компанент: “Қызықты логика әлемі”** **Тақырыбы:«Ойнайық, та ойлайық»** **Мақсаты:**Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін арттыру,ынтамен дұрыс орындауға үйрету. Сандар туралы білімдерін одан әрі дамыту,ойөрісінкеңейту. **Дидактикалық ойын: "Логикалық жұптар"** (табиғат құбылыстары). **Мақсаты:**Балалардың белгілі құбылыстар салынған карточкаларды логикалық екі карточка жұптарына жинап, біріктіру; білімдерін жүйелей білу, есте сақтау, ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылықтарды

					арттыру; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығулар. Мединамен	Бала тілін жаттықтыру: Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Туған елдің ұлымын" (Асқаржан Сәрсеков). Ас Жайлауымдай жазықпын, Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзінен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген Отанымның гүлімін. Викториямен	"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. **Мақсаты:**Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Валериямен	Артикуляциялық жаттығулар. Артурмен	Дидактикалық ойын. "Жұмбақ сан". **Мақсаты:**Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу. Гүлназбен
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	Картотека №12	Картотека №13	Картотека №14	Картотека №15	Картотека №16
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Кешкі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: "Не артық?"** **Мақсат-міндеттер:**Жемістер мен көгөністер жайындағы балалардың білімдерін пысықтау; жемістер мен көгөністерді сақтау ережелерін игерту; ойлау, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; достық қарым-қатынас құруға ынталандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық ,**	**Сюжетті-рөлдік ойын: "Жемістер мен көгөністер" дүкені.** **Мақсат-міндеттер:**Балалардың "Жемістер мен көгөністер" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынасқа, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-**	**Дидактикалық ойын: «Сөздер тізбегі»** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**Сюжетті-рөлдік ойын: "Дәріхана".** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-**	**Дамытушы жаттығу: "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**

	зерттеу іс-әрекеті)	**әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**		**әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес.	Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі жағдайды балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".	"Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйрету керек" ата-аналарға кеңес.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Отбасының салауатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері» атты сұрақ-жауап.

Бекітілді
Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т:Аймағамбетова У.К

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 25-29 қыркүйек 2023ж

Апта күндері	**Дүйсенбі 25.09.2023ж**	**Сейсенбі 26.09.2023ж**	**Сәрсенбі 27.09.2023ж**	**Бейсенбі 28.09.2023ж**	**Жұма 29.09.2023ж**
Балаларды қабылдау	Балалардың дене қызуын өлшеп, дене терісін және көңіл-күйін тексеріп қабылдау.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен оқу құралдары және балалардың оқу қызметіне қалай қатысатындары жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны: «Жыл мезгілдері»** **Мақсаты:**Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Бұл қашан болады? Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды.	**Үстел үсті ойыны: «Жеміс-жидектер мен көкөніс»** **Мақсаты**:Балалардың жеміс-жидек, көкөніс жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс ататқызу. **Ойын шарты**: Көкөністерді бақшаға, жеміс-жидектерді бауға орналастыру. **Ойын іс-әрекеті:** Үш үлкен карточкада бақша, бау, гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер,	**Дамытушы ойын:** "Төлін тап" **Мақсаты:** Үй жануарларының төлін табу арқылы балаалрдың білімдерін бекіту. Муляжбен үй жануарларының төлдерін табуға үйрету.	**Саусақ жаттығуы: "Топ, топ добым, домалақ".** Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он – дедім Сайға сырғып жөнелдің	**Үстел үсті ойыны: "Сиқырлы сандар". Мақсаты:** Балалардың сандар туралы білімдерін бекіту. Балалар сандар мозаикасын құрайды.

		гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар.			
Таңертенгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығу кешені				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Алтын күз»** тақырыбында, күздің ерекшеліктері жайлы әңгімелеседі.	**"Күз"** туралы жұмбақтар шешу.	**"Күз"** туралы тақпақтар жаттау.	**"Күз"** тақырыбына байланысты мнемотехникамен жұмыс жасау. Балалар суретке қарап сөйлемдер толық мәтінді құрастырады.	Мозаика **Мақсаты:**Балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру,
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** **«Отбасында бесеуміз»** **Мақсаты:**Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту, балалардың отбасын құрметтеуге, үлкендерді және ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу **Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі.** **"Менің отбасым"** **Математика негіздері.** **«Үйіріме қосылған құстар санын санайық»** **Мақсаты:**Балалардың ұғымында «бес» саны туралы түсінік қалыптастыру, оның	**Көркем әдебиет.** «**Күз» (өлең) Ілияс Жансүгіров** **Мақсаты:**Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейтіп, бұл жыл мезгілінің ерекшелігін бақылату. «Күз» өлеңін оқып беру, түсіндіру, жаттау, байланыстыра сөйлеуді үйрету. Тілдерін дамыту. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. **«Қай мезгіл?» дидактикалық ойыны:** **Мақсаты:**Мезгілдер туралы жұмбақтар жасырып, тақтадағы суреттен жұмбақтың жауабына сай суреттерді көрсетуді ұсынады.	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** **«Күз»** өлеңі Мұқатай Жылқыайдарұлы" **Мақсаты:**Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту,тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. **«Қай мезгіл?» дидактикалық ойыны:** **Шарты:**Мезгілдер туралы жұмбақтар жасырып, тақтадағы суреттен жұмбақтың жауабына сай суреттерді көрсетуді ұсынады. **«Артығын тап» дидактикалық ойыны:** **Шарты:**Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін	**Көркем әдебиет.** **«Жемістер жыры» (Рза Қуандықованың өлеңі)** **Мақсаты:** Суретке қарап, қыздың себетеіне жемістерді сызып қосады, үй ауласындағы жеміс атауларын айтады. **Күтілетін нәтиже:** өлеңді тыңдайды, өлең мазмұнын талқылайды. **«Қай мезгіл?»** ойыны. **Мақсаты:**Мезгілдер туралы жұмбақтар жасырып, тақтадағы суреттен жұмбақтың жауабына сай суреттерді көрсетуді ұсынады. **«Артығын тап»** ойыны. **Шарты:**Әрбір балаға карточкалар ұсынады.	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Қазақ тілі** (маман жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері.** «Дауыссыз дыбыстарды қайталайық» **Мақсаты:**Дауыссыз дыбыстың ерекшелігін айту, сөз, сөйлем, буын туралы ойларын қалыптастыру. Оларды жеке талдап, жұмыспен дәлелдеп көрсету. Балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын, тілін дамыту. Ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Сөйлем құрастырып оны талдай білуге дағдыландыру **«Не естідің?» дидактикалық ойыны:**

	таңбасын тану, дұрыс атау іскерлігін жетілдіру; «бес» жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; «төрт» пен «бес» сандарының көрнекілік негізінде беттестіру және тұстастыру тәсілдерінің пайда болуын көрсете білу қабілетін дамыту; жыл құстарының тіршілігі табиғаттың заңдылықтарына байланысы, адам тіршілігінің құстарға әсері туралы экологиялық білімдерін жетілдіру; байқампаздық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қайырлы таң құсқа да аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да**.** Қайырлы таң алға бассын, Кешке дейін жалғассын! **Жұмбақ жасыру.** Ол - жыл құсы, Көктемде қар еріп, жер кепкенде, жылы жақтан қайтады, Өз атын өзі айтады. "Көкек". Серікбай Оспанұлы. Байпаң, байпаң, байпаңдап, Көлге түсті қайқаңдап. Бөгелмеді көп енді, Суды сыза жөнелді. "Қаздар". Қастек Баянбаев Дәптермен жұмыс **Құрастыру.**	**«Артығын тап» дидактикалық ойыны:** Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарандашпен сызады: мысалы, мұнда қар артық, өйткені ол қыста болады. **Сауат ашу негіздері.** **"Дауыссыз дыбыстар"** **Мақсаты:**Дыбыс туралы түсінік беру, дауыссыз дыбыстың ерекшелігін түсіндіру. Дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық ерекшелігін түсіндіру. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру,сөздік қорын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту. Дауыссыз дыбыстың текшесімен таныстыру. «**Қай дыбыстан басталады?»** дидактикалық ойыны: **Мақсаты:**Суреттегі заттың қай дыбыстан басталғанын табады. Сабын - с дыбысы Буын ұйқастар. Ра-ра-ра – ұшып жүр ара. Ар-ар-ар – дала толы қар. Ыр-ыр-ыр – үйдің сыртында қыр. Ры-ры-ры – жапырақтар сары.	ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарандашпен сызады: мысалы, мұнда қар артық, өйткені ол қыста болады. **Қазақ тілі** (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері.** Балалардың ұғымында «бес» саны туралы түсінік қалыптастыру, оның таңбасын тану, дұрыс атау іскерлігін жетілдіру; «бес» жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; «төрт» пен «бес» сандарының көрнекілік негізінде беттестіру және тұстастыру тәсілдерінің пайда болуын көрсете білу қабілетін дамыту; жыл құстарының тіршілігі табиғаттың заңдылықтарына байланысы, адам тіршілігінің құстарға әсері туралы экологиялық білімдерін жетілдіру; байқампаздық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу **«Балапанды құтқар»** ойыны. Өздік іс-тәжірибе жаттығуы: **«Артық және кем».** **Мақсаты:**Жаңа ұғымды тиянақтау. «Бес көлемінде санау, заттар	Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады.Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарандашпен сызады: мысалы, мұнда қар артық, өйткені ол қыста болады. **Сауат ашу негіздері** **Мақсаты:**Балаларды [а] дыбысымен таныстыру. Сөз ішіндегі дыбыстардың жуан, жіңішке, дауысты, дауыссыз болып бөлінетінін ұғындыру. А а дыбысынан басталатын сөз, сөйлем ойлатып, ойын жаттығуы арқылы бекіту **Жаңылтпаш.** Айнала, айнала, Айналуы айнала, Айналма, әй, бала А дыбысының айтылуы: - ауыз кеңінен ашылады, дөңгеленеді; жуан айтылады; - созылып айтылады. Буынға бөлуді қайталау. **«Сөз ойла, тез ойла» ойыны:** **«Тығылып қалған дыбысты тап»** дидактикалық ойыны: **Қоршаған ортамен**	**Шарты:** Адиожазбадан жануарлардың дауыстарын және балғаның дауысын 2тыңдатып, ненің дауысы екенін ажырату **«Кім көп біледі?» дидактикалық ойыны:** **Шарты:**Ойынның бірінші кезеңінде балалар дыбыстарды айтып жарысады. Екінші кезеңінде дыбыстардан сөз құрастырып айтады. Көп сөз құраған бала жеңімпаз атанады. Сұрақтарға жауап беру. **«Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық ойыны:** **Шарты:**Сөз ойлап, оны талдауды ұсынады. Кезекпен кез келген сөзді ойлап, оны талдайды **Математика негіздері** "Саябақтың жапырақтарын кім санапты?" **Мақсаты:**Балаларға сопақша мен үшбұрыш геометриялық бұрыштарын дұрыс атап,оларды бір-бірінен ажыратуға жаттықтыру; заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауды үйрету; «үш» жиын санының екі ең кіші қосындылары «бір» мен

	«Қанқыз» **Мақсаты:**Балаларды қағаздан құрастырудың түрлі әдістерін қолдана отырып, жапырақтың үстінде қозғалып тұрған қанқызды жасауды үйрету; қанқызды жасау барысында қайшымен жұмыс істеу іскерлігін дамыту; шеңберді тең ортасынан қайшымен қиып, фломастермен қара дақтарды салу іскерліктерін жетілдіру; қағаз туралы білімдерін жетілдіре отырып, жәндіктердің күз маусымындағы тіршілігін пысықтау; табиғат әлеміне сүйіспеншіліктерін ояту; бір орында жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; жәндіктерді жіктеу және атау қабілеттерін бекіту; ауызша сөйлеу, еске сақтау, зейін, ойлау қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Ір-ір-ір – үсті – басы кір. 2-3 рет қайталайды. **«Кім тапқыр?»** **Шарты:**Балалар шеңбер жасап тұрады.Педагог ортаға бір баланы шақырып оның құлағына сыбырлайды. Ортадағы бала естіген жануарды немесе құстың дыбысын салады. Қалған балалар қандай жануар немесе құс екенін тауып,қимылымен жүреді. Бірінші тапқан бала ойынды жалғастырады. алма, шие, алша сөздеріне дыбыстық талдау жасату **Қоршаған ортамен таныстыру.** "**Алақай, күз келді"** **Мақсаты:**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. **Ойын: «Бұл қай кезде болады?»** **Музыка** **(**Маман жоспары бойынша)	топтамаларының жиын сандарын құрастыру» **Іс-тәжірибе жаттығуы:** Бес жиын санына сай екі ең кіші санды ойлап орналастыр, Цифрды жазу және безендіру жаттығуы. «Бес цифры» **Музыка** **(**маман жоспары бойынша)	**таныстыру.** **«Күзгі табиғат»** **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** **Мақсаты:**Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.Балалармен бірге балабақша ауласына мақсатты серуен ұйымдастыру.Табиғатқа байланысты халық болжамдарын оқып беріп,3 дауыста қайталау тәсілін қолданып жаттау.Жылдың әрбір мезгіліне сәйкес табиғат құбылыстарындағы өзгерістерді байқау арқылы өмірге келген халықтық болжамдар туралы түсінік беру.Қыс қарлы болса,жаз жаңбырлы болады.Қыс аязды болса,жаз ыстық болады,Тұман түссе күн жылынады. «Халық айтса,қалт айтпайды» деген мақалды қайталату	«екіден» құрылатыны жайлы түсінігін дамыту; күз мезгіліне тән құбылыстарды пысықтау; зейін, елестету, ойлау қабеліттерін дамыту; табиғаттың сұлулығын сезіну және оны бағалауға тәрбиелеу. **Жұмбақ жасыру.** «Жапырақ». Ағайынды бәрі: Шықса, жасыл, Түссе, сары. Ол не? (Жапырақтар.) Жаңа ұғымды түсіндіру. «Үш көлемінде санау, заттар 4топтамаларының жиын сандарын салыстыру және теңдестіру». Цифрді жазу және безендіру жаттығуы. «**Үш цифры»** **Жаңа ұғымды пысықтау. «Сандар қатарына сай заттарды орналастыр»** **(1, 2 және 3.)**
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				

Серуен картотекада тіркелген	**Алаңдағы өсімдіктерге бақылау:** **Мақсаты:** Күз мезгілінің екінші ерекшеліктері - алтын күзбен таныстыру; табиғатқа деген қызығушылықтарын арттырып, аялай білуге, тәрбиелеу. Тәрбиеші өсімдік жамылғыға назар аударады: ол неден тұрады, таныс өсімдіктерді атауды ұсынады (қарағаш, сирень, қайын, шырша т.б.); түрлері (ағаш, бұта шөп тектес өсімдік).күздің алғашқы айында өсімдіктердің өзгерістерін бақылау. (көбі гүлдеп, ұрық берді, қурады, жапырақтары түсті, тағы басқа өсімдіктер өліп қалды). **Болжам:** жапырақтар сарғайса да, баяу түссе, аяз жақында болмайды. **Көркем сөз:** Отырғыз ағаш көктемде Жөн болар еңбек еткенің Келмесе шамаң еккенге Сындырма жұрттың еккенің **Тақпақ:** Көк майсалы көрікті, Алқаптағы көк егін. Бұл күндері киіпті, Сары жібек көйлегін. **Қозғалмалы ойын:** «Қасқыр мен лақтар» **Мақсаты:** балалардың көңіл күйін көтеру.	**Ауа-райын бақылау:** **Мақсаты:** Қазан айындағы ауа- райын бақылау.Өзіне тән белгілерін анықтап отыру. Тәрбиеші балалармен бірге бақылау жасайды, қазан айында алғашқы суық түседі. Таңертең үйдің шатыры шөп, жолдың шеттері күннің шуағына жылтырап тұрады. Уақыт өте келе суық пайда болады. **Болжам:** қарға қаңқылдап тоқтаусыз секіріп жүрсе – жаңбыр жауады. **Тақпақ:** «Мөлдір тамшылар» Бұлттар жабағы Көкті жабады Күзгі тамшылар Тамады, тамады. Ү.Есдәулетов. **Жұмбақ:** Көзіжасты- жылауық, келе жатыр бір алып Жабырқаса жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт) **Қозғалмалы ойын:** Торғай мен мысық» **Мақсаты:**Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. **Алаңдағы еңбек:** гүлдердің тұқымдарын	**Күнді бақылау:** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. **Бақылау:** Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу. **Жұмбақ:** Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн) **Көркем сөз:** Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев **Қимылды ойын:** «Қоңыздар»	**Ағаштарды бақылау:** **Мақсаты**: Күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. **Көркем сөз:** Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді **Тақпақ:** Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. **Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»** **Мақсаты:** Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру,	**Тұманды бақылау:** **Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат түсінік беріп; табиғат құбылысы тұманды бақылау. Қоршаған ортаның әдемілігін сезініп түсінуге үйрету, күздің алуан түрлілігін көруге үйрету. Тәрбиеші тұман ол – табиғаттың бір құбылысы екендігін айтады, күн шыға бастағанда тұман азая бастайды, ал күн жылына бастағанда туман жоқ болып кетеді, ол ауа-райының өзгеруінен пайда болатын құбылыс. **Болжам:** Күз жылы болса-қыс ұзақ болады. **Жұмбақ.** Құстар қайта бастады, Құстар қанат қағады, Қоштасқандай бізбенен Бұл қай кезде болады? (Күзде) **Ойын: «Күн мен түн»** **Мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын ояту, ой-өрісін дамыту. Алаңдағы еңбек: Ойын аланың сыпыру.

	Алаңдағы еңбек: Жапырақтарды жинау.	жинау.	**Еңбек**: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.	зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дамытушы ойын: "Суретшінің қатесін тап". Мақсаты:** Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы	,**Сюжеттік-рөлдік ойын: "Сұлулық салоны". Мақсаты:** Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Шарты. Педагог ойын алдында немесе оның алдында балалармен сұлулық салынанды қызмететтетін	**Дидактикалық ойын: "Не, қалай естіледі?"** (табиғат құбылыстары). **Мақсаты:**Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық	**Дамытушы ойын: "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсаты:** Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы,	**Вариативтік компанент: "Қызықты логика әлемі" Тақырыбы:«Ойлы болсаң озып көр» Мақсаты:**Геометриялық пішіндерді ажырата отырып,логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмалар қызығушылықтарын арттыру. **Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсаты:**Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін

	тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғардан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және т.б..	шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар өзара сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады. .	жазбалары, таңбалауыштары. **Шарты:** Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды	тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".	толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар.Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. **Шарты**:Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып, атау керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр.- Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр. - Аяқ - аяққиім, аяқтау. - Шаш - шашбау. - Көз - көзілдірік, Аякөз. - Қап - қолғап; қаптау. - Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары. - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан.
Балалармен жеке жұмыс	**Дидактикалық ойындар: "Геометриялық пішіндер**". **Мақсаты:** Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық	**Саусақ театры: "Қасқыр және жеті лақ"** ертегісін саусақ театры арқылы сахналау. Топ балалармен	**"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны:** **Мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы	**Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.** **"Күз"** Мұқатай Жылқыайдарұлы.	**"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны:** **Мақсаты:** Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді

	пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер.Топпен жұмыс		сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; Топ балалармен .	Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз.Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз.Дастарханда таба нанға Айналыпты алтын күз. Топпен	таңдау қабілетін дамыту. Барысы. Нұр-Сұлтан - мемлекетіміздің астанасы, әдемі, үлкен қала. Топпен жұмыс
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	Картотека №17	Картотека №18	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Білім беру ұйымының кестесі **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** **"Қысқы көрініс"** **Мақсат-міндеттері:** қалалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. **Математика негіздері.** **"Сиқырлы су"** **Мақсат-міндеттері:**Балалардың қар мен судың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлы білімдерін кеңейту; судың шартты өлшемі туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың маңыздылығын түсіндіру; жылдам санауға жаттықтыру; іс-тәжірибе жасау арқылы қорытынды жасай білу білігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлау, көру қабілетін, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа, нақтылыққа тәрбиелеу. **«Суды өлшейтін шартты өлшемдер».** **Логикалық жаттығу:** **«Қар ма, су ма?»** Педагог: - Балалар, қазір мен бір тақпақты оқып берейін, сендер қандай құбылыс туралы айтылып жатқанын табыңдар.	Көркем әдебиет. Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу" Мақсат-міндеттері: Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс мазмұндауға үйрету. Жұмбақ. 1. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады (Қар.) «Қыс қызығы» дидактикалық ойыны: Шарты:Қыс туралы карточкалар таратады, суретке қарап әңгіме құрастыруды ұсынады. Қысқы табиғат туралы әңгіме құрастырады. Н.Жанаевтың «Ақ қоян» өлеңін тыңдауды ұсынады. Ақ қоян-ау, ақ қоян, Үркек қоян, сақ қоян. Қаша берсең орманға, «Қорқағым» деп ат қоям. Ақ қоян туралы	Дене шынықтыру. (маман жоспары бойынша) Сөйлеуді дамыту. "Қысқы көріністі қайталау" Мақсат-міндеттері: қалалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту "Сөйлемді аяқта" ойыны. "Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын: **Мақсаты:** балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Педагог: «Мына суретке қарап әңгіме құрайық» - демонстрациялық құралмен жұмыс. **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері.** **"Сиқырлы су"** пысықтау **Мақсат-міндеттері:**Балалардың қар мен судың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлы білімдерін кеңейту;	**Көркем әдебиет.** "Н. Жанаев **«Ақ қоян»** өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу" (қайталау) **Мақсат-міндеттері:** Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс мазмұндауға үйрету. **Қыс туралы тақпақ айтуды ұсынады**. Қыс туралы тақпақтар айтады: Жауды міне қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ Жасырыпты жолдарды Тегістепті оларды. Үстін жауып көлдердің Бетін бүркеп белдердің Жастық етіп тауды асқақ Жантайыпты жамбастап **«Аққала» дидактикалық ойыны.** **Шарты:**Тақтаның бетіне қиылып жабыстырылған Аққаланың жетіспейтін бөлігін тауып, жұмылу көзбен барып, орнына жабыстыруды ұсынады. Ойынды қызығушылықпен ойнайды. **Сауат ашу негіздері.** **"[ғ] дыбысымен таныстыру.** **Мақсат-міндеттері:[**ғ]	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Қазақ тілі** (маман жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері.** **"[й] дыбысын қайталау, бекіту".** **Мақсат-міндеттері:** Й дыбысын қайталау. Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Ай-на, 2 буын, 4 дыбыс. - [й] дыбысы сөздің қай жерінде орналасқан? - Иә, сөздің ортасында. Шай, 1 буын, 3 дыбыс - [й] дыбысы сөздің қай жерінде орналасқан? - Иә, сөздің ортасында. **«Кел, жазайық!»** Педагог: - Балалар, қолымызды жазуға жаттықтыру үшін үзік сызықтарды бастырып жазайық**.** **Математика негіздері.** **«Жануарлардың жұпты мен үштік топтары»** **Мақсат-міндеттері:** балалардың "тоғыз" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "тоғыз" жиын

	Дамытушы жаттығу: «Сандар қатары бойынша тура және кері санау, сандардың орындарын табу». **Жұмбақ:** Аяз қысып,өрнек сызып, Терезені торлайды. Қарға омбығып, бет домбығып, Сырғанап жастар ойнайды. - Бұл қай мезгіл? **Өлең оқу.** **Әнуарбек Дүйсенбиев "Алғашқы қар".** **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.** **Мақсаты:**Балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. **Мүсіндеу** **Мақсаты:**Мүсіндеу іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "қыс қызығы", "қыс кереметі", "аққала", "домалақ", "саусақтарыммен басамын", "саусақтарыммен ойық жасаймын" сөздері арқылы жетілдіру. **Көркемсөз.** Ернұр Сейдахмет "Аққала". Аппақ әлем айнала-ай, Кім шет қалар ойнамай? Жиналдық та топ бала, Соқтық қардан аққала.	өлеңді мұқият тыңдайды. Педагог бір-екі рет оқиды, балаларға жаттатады. Сауат ашу негіздері. "[й] дыбысымен таныстыру. Мақсаты:Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Тіл ұстарту мақсатында й дыбысына сөз құрау, буын ішінде бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру. 1. Саусаққа киіп ем тобатай, Инені жүгірттім оп-оңай. (Оймақ.) Екі басы дөңгелек, Екі ұшы сүйір, Қиғанға үйір. (Қайшы.) Дыбыстық талдау: Педагог суреттерді көрсетеді. Суреттер: ай, айна, айдар. Қоршаған ортамен таныстыру. "Қонаққа келген Аққала" Мақсат-міндеттері: балаларды қыс мезгілінде	судың шартты өлшемі туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың маңыздылығын түсіндіру; жылда санауға жаттықтыру; іс-тәжірибе жасау арқылы қорытынды жасай білу білігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлау, көру қабілетін, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа, нақтылыққа тәрбиелеуді пысықтау. **Көркем сөз.** Зейнолла Шүкіров «Қырау». Сыртта боран үскірік, Түні бойы түтейді. Қораларды қыс бүлік Аппақ қармен бітейді. **Іс тәжірибе жаттығуы.** «Тұтасты тең екіге және төртке бөлу. **Тіктөртбұрыш».** Ұсақ бөліктерден құралған тұтас заттағы бөліктер санының құрамы. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің алдында балаларға тіктөрт бұрышты қағаз	дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету **Жұмбақ.** Ағада бар, Менде жоқ. Жеңде жоқ. (Ғ) Ғ дыбысын қайталап айтқызу. **Артикуляциялық жаттығу:** - Балалар, мұқият тыңдап, есімізге сақтап аламыз. [ғ] дыбысы айтылғанда: - ерін ашылып, тілдің ұшы тілдің астыңғы түбіне тиеді. - тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. - дауыс шымылдығының дірілінен «ғ» дыбысы естіледі. **Жаңылтпаш.** Ағабай ағасын Ағатай ағасың! Аға деп бағалар, Ағаның бағасын. **Дыбыстық талдау**: Педагог балаларға суреттерді көрсетеді. Сол сөздерге дыбыстық талдау жасауды ұсынады. **Суреттер: ғарыш, қарға, ғарышкер, балға.** **«Кел, жазайық!»** - Балалар, қолымызды жазуға жаттықтыру үшін үзік сызықтарды бастырып	санын құрайтын элементтер түрлері жайлы түсінігін дамыту; сандардың өсу және кему нәтижелерін тұстастыру және беттестіру тәсілдері арқылы табуға үйрету. **Сөздік жаттығу:«Ұнайды - ұнамайды».** Педагог: - Балалар, сендер көптеген жабайы аңдар туралы білетіңдерің мәлім. Осы аңдардың бізге ұнамды және ұнамсыз жақтары бар. **Жаңа ұғымды түсіндіру «Сегіз және тоғыз көлемінде санау.** Заттар топтамаларының жиын сандарын салыстыру және теңдестіру. Тоғыз санының пайда болуы». Цифрды жазу және безендіру жаттығуы. «**9 цифры».** Педагог балаларға 9 цифрының шартты түрде салынған нобайын көрсетеді **Ойын-жаттығу:** «Көрсеткен санға сай андарды жина».

		ойнатылатын ойындар туралы білімдерін тиянақтау; қысқы олимпиада ойындары туралы жалпы ұғымдар беру; ойындарға қатысу және бақылау нәтижесінде түсініктерді өздігінен айтуға үйрету. Музыка (маман жоспары бойынша)	пішіндерді үлестіріп қояды. **Музыка** **(**маман жоспары бойынша)	жазайық**.** **Қоршаған ортамен таныстыру.** **"Ақ ұлпа қар"** **Мақсат-міндеттері:** Қар жайлы білімдерін кеңейту, қардың қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру. **Миға шабуыл. "Қар қандай?"** Педагог: - Қардың қандай болатынын еске түсіру үшін, балалар, "Қар қандай?" деген сұраққа жылдам жауап берейік. - Балалар, қар қандай болады? Жаңа тақырыпты түсіндіру. "Қардың пайда болуы". Бейнежазбаны көрсету. Педагог: - Балалар, қарды не деп түсінеміз? - Иә, бұл қыс мезгілінің құбылысы. - Егер қарды жаз мезгілінде жаудыратын болсақ, ол не болушы еді? - Жарайсың, Дастан, қар жаңбыр болушы еді. - Керісінше, жаңбырды қыста жауса не болушы еді? - Дұрыс, айтасыңдар, балалар, ол қар болушы еді. - Қар - атмосфералық жауын-шашын. **Объектіні бақылау. "Қардың түрлері".**	

Серуенге дайындық	Серуендеуге дайындық. 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. 4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Картотека №4** **Күнді бақылау:** **Мақсаты:**Балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру. **Жұмбақ:** Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн) **Болжамдар:** Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады. **Тақпақ:** Шұғылалы күніміз Бақшамызға барамыз Күнге қарап жайқалып Біз өсіп бармыз. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер»** **Еңбек:** бұтақтардың түбін	**Картотека №5** **Су бетіне қатқан мұзды бақылау:** **Мақсаты:**Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге	**Картотека №6** **Қарды бақылау:** **Мақсаты:**Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар. **Жұмбақ:** Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар) **Болжам:** көп қар- көп нан. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қоян мен	**Картотека №7** **Судың қатқанын бақылау:** **Мақсаты:**Судың құрамымен таныстыру,табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру.Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды? **Болжамдар:** желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады. **Тақпақ:** Қар жатыр аппақ Ойнауға жақсы-ақ Осындай шақта Кім үйде жатпақ? **Жұмбақ:**Қолы жоқ сурет салады, Аузы жоқ тістеп алады. (Аяз) **Қозғалмалы ойын:** «Кімдікі алыс». **Мақсаты:** Икемділігін, күшін	**Картотека №8** **Тоғайларды бақылау:** **Мақсаты:**Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету; Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу. **Болжам:** қар ағашқа жабысса – жылы болады. **Мақал- мәтел: «**Бір тал кессең – он тал ек» **Тақпақ:** Қазақ жері –сәніміз Мәуесі мол бағымыз Саясында жетілер Балдай бала шағымыз. **Қозғалмалы ойындар:** «Қояндар мен аю» **Еңбек:** Тоғайларды қармен

	тазарту.	бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді. **Жұмбақ:** Отқа жанбас-суға батпас (мұз) **Болжам:** егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады. **Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар»** **Мақсаты:** ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қоян мен аңшы». **Еңбек:** есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.	аңшы». **Еңбек:** тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру.	дамыту. **Еңбек:** есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.	жабу.
Серуеннен оралу	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар:**Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. **Көркем сөз:** Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастаңдар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру	Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды). Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының				

шаралары	аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар:** Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. **Көркем сөз:** Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастаңдар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: "Қарама-қарсы сөздер"** (Заттың орналасу орны) **Мақсат-міндеттері:** Балалардың қоршаған адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайындағы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу. - Оң жақ - (Сол жақ). - Ішінде - (Сыртында). - Төменде - (Жоғарыда). **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Дидактикалық ойын: "Ассоциациялар"** (Қыс мезгілі) **Мақсат-міндеттері:**Балалардың қыс мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "қыс мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоцияцияларды айтуға ұсына алады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Дидактикалық ойын: "Не жасырынғанын айт".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді", "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпал етеді". **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет**	**Дидактикалық ойын: "Не, қалай естіледі?"** (табиғат құбылыстары). **Мақсат-міндеттері:**Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Вариативтік компанент: "Қызықты логика әлемі"** **Тақырыбы: «Логика сыры»** **Мақсаты:**Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту. **Дидактикалық ойын: "От, су, аспан, жер".** **Мақсат-міндеттері:**Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. **Құралдар:** доп. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, судың астында мекен ететін

					жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**
Балалармен жеке жұмыс	**Жаңылтпаштар айтқызу:** Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ. Ақ сүт, айран, қант та аппақ. **(қарым-қатынас іс-әрекет) (Асылым,Алибек)**	**"Менің құйрығы?" Мақсат-міндеттері:**Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет) (Злата,Жігер)**	**"Сәйкесін тап"ойыны: Шарты:**Үстел үсті ойыны, арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар) (Медина,Анна)**	**Дайын суретті бояу тапсырмасы: Мақсакты:**Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. **(сурет салу) (Гүлназ,Виктория)**	**"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны: Мақсат-міндеттері:** Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) (Маханбет,Артур)**
Серуенге дайындық	Киіміне арналған шкафты білу, өз киімін танып, көрсетуді, атауды дамыту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию. Ойыншықты ұқыпты ұстап әрекет жасауға ынталандыру. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Картотека №4**	**Картотека №5**	**Картотека №6**	**Картотека №7**	**Картотека №8**
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу. Шешіну кезінде балалардың шкафқа колготки,сырт киімді салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. "Балалар қолдарын жуады" тақырыбында суреттерді қарату:. Олар бойынша әңгіме жасату. **(көркем әрекет, дербес, еңбек әрекеті).**				
Кешкі ас	Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру. Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	**Сюжетті-рөлдік ойын: «Аурухана» Мақсат-міндеттері:** Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар	**Сюжетті-рөлдік ойын: "Спорттық жаттығу залы". Мақсат-міндеттері:**Спорттық	**Сюжетті-рөлдік ойын: "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттері:** Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының	**Сюжетті-рөлдік ойын: "Кітапхана". Мақсат-міндеттері:** Кітапхана жайында балалардың түсініктерін	**Сюжетті-рөлдік ойын: "Ойыншықтар" дүкені". Мақсат-міндеттері:** Балалардың "Ойыншықтар" дүкені

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	(бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	жаттығу залы туралы балалардың ұғымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	нығайту; кітапханашының негізгі қызметін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. **Құралдар.** Кітаптарға сөрелер, әртүрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен әңгімелесу «Баланың дәрумендері бай азықпен қоректенуін қамтамасыз ету.	Әкелермен әңгімелесу: «Бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше».	«Ертегілер елінде, кітап бұрышында)».	Логикалық ойындар ойнауды ұсыну.	Ата-аналармен топ бұрышын безендіру.

Бекітілді
Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т:Аймагамбетова У.К

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 11-15 желтоқсан 2023ж

Апта күндері	**Дүйсенбі** *11.12.2023*	**Сейсенбі** *12.12.2023*	**Сәрсенбі** *13.12.2023*	**Бейсенбі** *14.12.2023*	**Жұма** *15.12.2023*
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, ата-аналармен салтанатты іс-шараға байланысты әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Домино». Мақсат-міндеттері:** Зейінділікті, логикалық ойлауды, жағдайды талдау қабілетін, тапқырлықты, қолдың ұсақ моторикасын дамытады; балалардың заттардың мөлшері, пішіні, түсі туралы түсініктерін бекітеді; байқау мен зейінді	**"Көңілді қыстырғыштар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері:** Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Мектеп жасына дейінгі	**Лото. "Өсімдіктер, жануарлар». Мақсат-міндеттері:** Ойын планетамыздың жануарлары мен өсімдіктер әлемімен таныстырады, заттардың жалпы ерекшелігін бөліп көрсетуге және оны атрибут бойынша топтауға үйретеді.	**Дамытушы ойын: "Дәрігерге не керек?» Мақсат-міндеттері**:Балалардың мамандықтар туралы білімдерін қорытындылау және жұмысқа байланысты белгілі бір пәндердің мақсаты туралы білімдерін кеңейту; ұсақ моториканы, сөйлеуді, сөздерді	**"Зоологиялық лото». Мақсат-міндеттері:** Жануарлардың атауын, жануарлардың сыртқы түрінің ерекшеліктерін бекіту.Зейінді, байқағыштықты, реакция жылдамдығын дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

	дамытады, салыстыру және жалпылау операцияларын дамытады, заттар мен құбылыстар арасындағы елеулі байланыстарды бөліп көрсете білуді қалыптастырады; балалардың қоршаған әлем объектілері туралы түсініктерін кеңейтеді; баланың сөздігін байытады және белсендіреді, мағыналы сөйлеуді дамытады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	баланың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	Лото көптеген әртүрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқау, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, қолдың ұсақ моторикасы жетілдіріледі. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	логикалық түрде құру қабілетін дамыту. **Нұсқаулық**. Үстелде кесілген суреттер бар (мысалы, құралдар). Балалар барлық эпизодтарды жинайды. Алынған суреттердің мақсатын түсіндіріңіз.	
Таңертенгі жаттығу	**Ертеңгілік жаттығулар кешені:**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар:** Мақсат-міндеттер: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедуралары. Көркем сөз Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұ Ұстанатын баламыз.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)стайм қараңыз. Тамақтану тәртібін,				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Туған ел, Отан туралы мақал-мәтел жаттау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**«Менің елімнің Президенті»** тақырыбында суреттер көру, әңгімелесу.**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**"Тәуелсіз Қазақстан"** тақырыбында әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Туған ел, Отан туралы тақпақтар жаттау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Балаларды эмоционалды, жағымды көңіл-күймен бір-бірімен сәлемдесуге тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру**. (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** **"Қазақстан жалауы"** **Мақсаты:** Балаларға Қазақстан Республикасы туралы мәліметті аша отырып, "Қазақстан жалауы" атты өлеңін оқып беру, сұрақ жауап ұйымдастыру; балаларды жылдам ойлануға және жауап беруге тәрбиелеу. Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. **"Менің Қазақстаным".** Әңгімелесуді ұйымдастыру үшін, рәміздердің жеке-жеке фото суреттері. **«Отан туралы қандай мақал білеміз?»** 1.Отан оттан да ыстық.	**Көркем әдебиет.** "Қ. Толыбаев «Кімнің тоны жылы?» (мазмұны бойынша әңгімелеу)" **Жұмбақ.** 1.Қолы жоқ сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады. **Суретпен жұмыс.** **Педагог:** - Суреттен не көріп тұрсыңдар? Қыс мезгілі, ауыл көрінісі, даланың бәрі аппақ қар. **Ойын:«Төлін тап»** **Құрманбай Игілікұлы Толыбаев 14.03.1926. Алматы облысы, Шетек ауылында дүниеге келген жазушы.** **«Кімнің тоны жылы?» атты әңгімесімен танысасыңдар**. Ол балаларға арнап көптеген әңгімелер жазған екен. Соның бірі **«Кімнің**	**Дене шынықтыру**. (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** **"Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!"** **Мақсат-міндеттері:** жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін артырып, "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем" атты әңгімені оқып беру арқылы балалардың ойларын дамыту. **Жұмбақтар:** "Жаңа жыл "туралы Тікен,тікен тік пісте. Қысы жазы бір түсте (Шырша) Аппақ сақалы бар, Жылына бір рет келеді. Қолында қызыл дорбасы бар, Сыйлық әкеліп береді. (Аяз ата) Педагог: - Ал, балалар, сендер әңгіме оқып берейін,	**Көркем әдебиет** **«Не қымбат?»** ертегісін оқып беру, **Талқылау.** Оқылған ертегі бойынша сұрақтар қою. **Сауат ашу негіздері.** **"[к] дыбысын бекіту.** **Мақсаты:[**к] дыбысын бекіту. сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету, [к] дыбысын қатыстыра отырып сөз, сөйлем құрау, буынға бөлу, [к] дыбысының сөздің қай жерде кездесіп тұрғанын (басында, ортасында, соңында) таба білуге дағдыландыру. Байланыстыра сөйлеуге, ұғымталдыққа баулу **Жұмбақ:** 1.Маңдайы бар, тілі жоқ,	**Дене шынықтыру** (маман жоспары бойынша) **Қазақ тіл** (маман жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері.** **"[Қ] дыбысымен таныстыру.** **Мақсаты:** «қ» дыбысымен таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауға,буындарға бөлуге,дыбыстардың орнын анықтауға үйрету. **«Жасыл қияр» ойыны.** Балалар шеңбер бойымен жүреді. Ортада бір бала тышқан болып отырады. Балалар өлең жолдарын айтады. Қияр ,қияр, қиярлар, Алысқа кетіп қалмаңдар. Ұйықтап жатыр дәу тышқан, Оятып енді алмаңдар Оянған тышқан балаларды Ұстайды,ұсталған бала«тышқан» болады. «Қияр»,»Тышқан», «Қар»сөзі неше дыбыстан Тұрады? Неше буын? Неше дауысты дыбыс бар?

	2.Отан-отбасынан басталады. 3.Отан үшін отқа түс-күймейсің. 4.Туған жерге туың тік. **Математика негіздері.** Көрнекіліпен 9 санының пайда болуымен таныстыру.9 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Дәптермен жұмыс. **Ескен Елубаев «Әкенің сабағы».** Атты жүгендейді, Атты ауыздықтайды, Атты байлайды, Атты кісендейді. Атты жемдейді, Атты қамайды, Атты тасиды. Атты сыйлайды, Атты мінеді. Атты жаяды. Балалар он санын ұстайды: **«ат» сөзі ? рет айтылды.** **Мүсіндеу.** **«Ертегі кейіпкерлерін сомдаймыз»** **Мақсаты:**Балаларды ң кейіпкерлерді мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту; "үйшік"	**тоны жылы?»** әңгімесі. **Әңгімені оқу.** Оқылған әңгіме бойынша сұрақтар қою. **Сауат ашу негіздері.** **"[е] дыбысын бекіту.** **Мақсаты:** : «е» дыбысын қайталау,«е» дыбысынан келетін сөздер ойлату; ойындар арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту; мейірімділікке тәрбиелеу. **Мақал-мәтел:** 1.Ер дәулеті – еңбек. 2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 3.Ер қадірін ел біледі, Зер қадірін – зергер біледі. **Тіл ұстарту.** Ер-ер-ер Қасиетті жер Төгілді көк тер. Жемістерді тер. Аға соңынан ер. Сұрағанын бер. **Ойын: «Жалпы атауын ата».** **Ойын шарты**: педагог бір топқа жататын сөздерді айтады да, допты балаларға лақтырады. Допты қағып алған бала жалпы атауын айтуы керек. Мысалы: Сиыр, қой,	мұқият тыңдап алыңдар. **"Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!"** әңгімесі. **Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі.** **"Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!".** Артикуляциялық жаттығулар. [Ж], [Ш] дауыссыз дыбыстары. Педагог, барынша, [Ж], [Ш] дауыссыз дыбыстарды дауыс қарқынымен белгілеп, созылмалы күйінде айтуға тырысады. - Мысалы, "жаңа жыл" сөзінде "жжж..." [Ш]: - Балалар, ал "шырша" сөзінде [Ш] дыбысы, желдің дыбысы, "ш-ш-ш" естіледі. - Шшш., ш.., ш.., ([Ш] дыбысының артикуляциясын көрсету). Менің соңымнан қайталаймыз. **Ойын: "Шырша ойыншықтары"** **Шарты:**Педагог шырша	Құлағы бар, үні жоқ. 2. Қоймасын қыс ақтарып, Жерді жапты ақ мамық. 3. Қос қолға киемін, Жып - жылы жүремін **(Құлақшын, Қар, Қолғап)** Сөздерге дыбыстық талдау жасату,дыбыстардың орнын анықтау. **Тіл ұстарту:** Қа-қа-қа Бақылдайды бақа Қа-қа-қа Атам берді соқа Ақ-ақ-ақ **Ойын: «Жалпы атауын ата».** Педагог балаларға допты лақтырып сөздер айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама атауын айтады. Мысалы: қызыл, жасыл, сары, көк Қоян, қасқыр, түлкі – **Қоршаған ортамен таныстыру.** **Менің Отаным-Қазақстан. Еліміздің рәміздері** **Мақсаты:** Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру, әр рәміздің мағынасын түсіндіру арқылы зейінін дамыту, Өз	Қызыл,көк түстерді қою арқылы талдау жасатады. **Математика негіздері.** **"Сыйлықтар әзірлейік"** **Мақсат-міндеттері:** балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; заттарды сипап- сезу арқылы анықтауға жаттықтыруды пысықтау. **Сурет бойынша ауызша санауға арналған жаттығу. "Неше сыйлық?"** Педагог балалардың әрқайсысына үстіңгі жағында 1-ден 8-ге дейін цифрдың бірі белгіленіп, бірнеше сыйлық қорапшасы бейнеленген карточка дайындап таратады. Карточкада қанша цифр белгіленсе, сонша сыйлықты бояу керектігін түсіндіреді. **Ұстап сезу арқылы анықтауға негізделген жаттығу "Сиқырлы дорба"** Педагог алдын ала дорба дайындайды. Оның ішіне алмұрт, алма, шоколад, тарақ, шаш қыстырғыш т. с с заттар салып қояды. **«Менің құйрығы?» дидактикалық ойыны (қыстырғыштармен ойын).**

	ертегісінің кейіпкерлерін ермексаздан мүсіндеуді үйрету;	жылқы – Алма, жүзім, өрік – **Саусаққа жаттығу:** Көбелек боп ұшамыз, Көгершін боп ұшамыз. Ұшып-ұшып аламыз, Қолға қалам аламыз. **Қоршаған ортамен танысу.** **«Қазақстанның негізгі байлықтары»** \Ғаламтор желісінен тамашалау\ - Балалар, бабаларымыз бізге қалдырған аманат - бейбітшілікті сақтау. - Бабаларымыздан бізге тағы асыл мұралардың бірі - Қазақстан елінің қазба байлықтары. - Сендердің ойларыңша, біздің жеріміздің қандай байлықтары бар? (Су, бидай, көмір, Кен,мұнай, газ, кең даламыз, сары құмды шөліміз, асқар тауларымыз, орман, көл, өзен және теңіз - су қоймалары. **Логикалық жаттығу. "Ойды жалғастыр".** - Балалар, байлықтың барлығы адамның еңбегімен келеді. - Қаншама он шақты байлық түрлерін біз қарастырсақ, осы он	ойыншықтары арқылы сөздерді құрап, шыршаға іледі. Аяз ата Жаңа жыл Шырша Аққала Ақшақар **Қазақ тілі** . (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері"** **«Қазақстанымды не үшін сүйемін»** **Мақсаты:**Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету; әртүрлі орналасқан заттардың жиынын көзбен көріп санап алу білігін бекіту; өзіне қатысты және өзіне қарсы оң жақ пен сол жақты ажырату дағдыларын қалыптастыру **Бейнелерді сәйкестендіру және жаңғырту жаттығуы.** «Қазақстанның мемлекеттік рәміздері».	елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын тудыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Еліміздің әнұраны «Менің Қазақстаным». Қазақстан елтаңбаның авторлары кімдер? -Қазақстан гимнін авторлары кімдер? -Қазақстан туының авторы кім? **«Біз Отанды сүйеміз»** Шығармашылық жұмыстары.	

		салады еңбек етке мамандық иелерін атап кетуіміз керек. - Сонымен, ойнайық: мен бір сөзді бастаған кезде, сендер осы салға қарасты мамандық иелерін атап жатасыңдар. Келістік пе?- Мұнайды теңіз астынан жер бетіне шығаратын ... (Мұнайшы). - Орманды баптап қорғайтын ... (Орманшы). - Егінді далаға егетін ... (Егінші). - Тауға қарбаланып шығатын ... (Альпинист). - Жайлауға малды шығаратын ... (Малшы, бақташы). - Көмірді жерден қазып шығаратын ... (Шахтер). - Кеңді қазып шығаратын ...(Кеншi, шахтер). **Музыка** (маман жоспары бойынша)	**«Тура және кері санау».** Педагог балаларға сандар жолағын көрсетеді. **Музыка** Маман жоспары бойынша		
Серуенге дайындық	Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар:** Мақсат-міндеттер: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. **Көркем сөз:** Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығуы Картотека №5				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дамытушы жаттығу:** **"Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"Мақсат-міндеттері:**Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: суреттер жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, бір қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). **Шарты.** Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруге ұсынады. Балалар	**Дидактикалық ойын:** "Дұрыс па? Бұрыс па?" (Сын есім арқылы сипаттау) Мақсат-міндеттері:Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттама дұрыс немесе бұрыс болғанын анықтатқызу, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.	**Дамытушы ойын:** **"Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".** **Мақсат-міндеттері:**Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Үй құрылысы".**	**Дамытушы ойын:** **"Сынық телефон".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Автобус".** **Мақсат-міндеттер.** Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық	**Вариативтік компанент:** **“Қызықты логика әлемі”** **Тақырыбы:«Кішкентай тапқырлар»** **Мақсаты:**Ойлау, көріп тану, есте сақтау , кеңістікті бағдарлау қабілеттерін арттыру.Белсенділікке шапшаңдыққа,кеңестікті бағдарлай білуге үйрету **Дидактикалық ойын.** **"Бұл қай мезгілде болады?"** **Мақсат-міндеттері.** Балалардың мезгіл құбылыстары жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Киім тігу шеберханасы".** **Мақсат-міндеттерii:** Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын

	екінші суретте біріншіге қарағанда, не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Отбасы".** **Мақсат-міндеттер.** Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Сюжеттік-рөлдік ойын.** **"Табиғи қорық".** **Мақсат-міндеттері:** Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, жөніндегі ұғымдарын нығайту; еңбекқорлыққа, жанжануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Мақсат-міндеттер:** Балалардың ұй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	көліктегі әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, оны ұстануға ынталандыру; қарым-қатынасты сыпайылық негізінде құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. жүргізу . **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	**Артикуляциялық жаттығу:** **Мақсат-міндеттері:**Бала тілін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар айтқызу. Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю. Кі - кі - кі – бұл	**«Суреттер құрастыру».** **Мақсат-міндеттері:** Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың	**Қызықты логикалық есептер:** **Мақсат-міндеттер:** балалардың ойлау жаттығуларына машықтандыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Топпен жұмыс**	**Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау:** Төлеу Шаханов тақпақтары. **"Түлкі".** Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл".Кәмпитті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа.Жолдасың	**Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.** **"Шырша"** (Әдібай Табылдиев) Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Топпен жұмыс**

	айлакер түлкі, Мір-мір-мір- қап-қара көмір. Топпен жұмыс. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	қызығушылығын арттыру. Топпен жұмыс **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**		таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? Топпен **(қарым-қатынас іс-әрекет)**	
Серуенге дайындық	Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар:** Мақсат-міндеттер: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Көркем сөз Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: «Домино».** **Мақсаты:**Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс ататқызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру. **Ойын шарты:**Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды,	**Дидактикалық ойын: "Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістік арқылы сипаттау)** **Мақсат-міндеттері:** Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттама дұрыс немесе дұрыс еместігін анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау	**Дамытушы жаттығу: "Не жоқ?"** **Мақсат-міндеттері:**Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Дамытушы ойын: "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".** **Мақсат-міндеттері:**Балаларда геометриялық пішіндерді ажырату, санау, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-**	**Дидактикалық ойын: «Суретті құрастыр».** **Мақсаты:** Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. **Ойын іс-әрекеті**: Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. **Қажетті құралдар:** Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері. (көлімдері 7×8 см карточкалар).

	сол жеңіп шығады. **Қажетті құралдар.** Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.	қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары бұндай болуы мүмкін: **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**		**әрекеті)**	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	**«Менің Отаным-Қазақсьан»** ән жаттау	**«Менің Отаным-Қазақсьан»** тақпақтар жаттау	**«Отбасындағы адамгершілік-патриоттық тәрбие».**	**«Менің Отаным-Қазақсьан»** әндер жаттау	**"Балаңызбен қысқы серуенді қалай көңілді және пайдалы еткізесіз?** әңгімелесу

Бекітілді
Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т:Аймагамбетова У.К

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 19-22 желтоқсан 2023ж

Апта күндері	**Дүйсенбі 18.12.2023**	**Сейсенбі 19.12.2023**	**Сәрсенбі 20.12.2023**	**Бейсенбі 21.12.2023**	**Жұма 22.12.2023**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жаңа жыл мерекесіне байланысты болатын ертеңгілік, мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны:** **Мақсаты:** балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.	**Үстел үсті ойыны: "Мозаика".** **Мақсаты:** Балалар берілген суреттің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу.	**Суретіне қарай орналастыр" үстел үсті ойыны:** **Мақсаты:** балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.	**"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны:** **Мақсаты:** баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)** **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық				

	және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.) **Көркем сөз (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Балаларда эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру; балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Зейінді дамытуға арналған жаттығу: **"Үздіксіз изде"** (іздеу) 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және тағы басқа) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Көркем әдебиет.** Кел, жаттайық. А. Асылбеков «**Жаңа жыл»** **Мақсат-міндеттер:** балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, қысқы ойын түрлерін, қандай қыс мерекелі болатынын үйрету. Жұмбақтар жасырады: Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. Ол не? (**Қар.)** Қолы жоқ сурет салады, Тісі жоқ тістеп алады. Ол не? **(Аяз.)** Өзі сондай аппақ, Жердің бәрін жаппақ. Ол не? **(Қар.)**	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту. "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!"** пысықтау **Мақсат-міндеттер:** жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін артырып, "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем" атты әңгімені оқып беру арқылы балалардың ойларын дамытуды пысықтау. **Қазақ тілі** (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері**	**Көркем әдебиет** **"Кел, жаттайық. А. Асылбеков «Жаңа жыл»" пысықтау** **Мақсат-міндеттер:** балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, қысқы ойын түрлерін, қандай қыс мерекелі болатынын үйретуді пысықтау. **Сауат ашу негіздері "[І] дыбысымен таныстыру.** **Мақсат-міндеттер**: [І] дыбысымен таныстыру. і дыбысына тіл ұстарта отырып сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау	**Дене шынықтыру** (маман жоспары бойынша) **Қазақ тілі** (маман жоспары бойынша) **Жұмбақ:** Ұқсайсың шеңберге Қабырғасы жиылып кеіріледі, Жиһазы мол көп бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді **(киіз үй)** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын жәнетұрмыстықзаттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже,сандық,кілем,сырмақ,алаша,ши,бау,басқұр,арқан,жіп), сөздермен таныстыру,

Кешкі ас	Көркем сөз: Кешкі уақыт келгенде, Дастарханға жайғастық.				

	Тамақ ішу әдебін, Ішіміздеи ойластық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Домино" дидактикалық ойыны:** **Мақсат-міндеттері:** Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**Үстел үсті ойыны:** «Төртінші не артық?». **Шарты:**Балаларға 4 сурет беріледі, бала артық суреттің атауын атайды. Мысалы: етік, күртеше, малақай, гитара. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**	**Саусақ жаттығуы:** М. Әлімбаев "Он саусақ". **Шарты:**Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды ... Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ ... **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**"Бұл қай кезде болады?»** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың тәулік уақыты туралы түсініктерін бекіту; шыдамдылыққа баулу. Нұсқаулық: Бала күннің әртүрлі уақыттарына қатысты сюжеттер бейнеленген суреттер жиынтығын алады. Балалар кезекпен бұл уақытты атайды және олардың суретін сипаттайды (мысалы, "бұл таңертең, өйткені біз жаттығу жасаймыз"). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**«Суреттер құрастыру»** **Мақсат-міндеттері:** Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. **(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас әрекеті)**
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Баламен бірге тапсырма орындау.	**«Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн»** әңгімелесу.	Отбасымен таза ауадағы демалыс сәтіне...	Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу.	Жақсы демалуға тілек білдіру.

Бекітілді
Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т:Аймагамбетова У.К

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 05 - 09 ақпан 2024ж

Апта күндері	**Дүйсенбі** **05.02.2024**	**Сейсенбі** **06.02.2024**	**Сәрсенбі** **07.02.2024**	**Бейсенбі** **08.02.2024**	**Жұма** **09.02.2024**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Желшешек деген не?" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	**Санамақ жаттау:** Жиналған соң достары Қазтай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бірі болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы,	**Диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу:** **«Не істейді?»** **Шарты:**Педагог балаларды жұптарға бөледі.	**Жаттығулар:** Күні бойы, күні бойы, Күні бойы, күні бойы, Біздің қыздар секірді, Оң аяқпен секірді, Сол аяқпен секірді, Алға қарай секірді,	**Диалогтар ойыны:** **"Мамандықтар туралы жұмбақтар".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау,	**"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны:** Барысы. **Шарты:**Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма,

әрекеттер)	Төртіншісі - теңізші, Бесіншісі - балташы Алтыншысы - аспазшы Жетіншісі -жылқышы Сегізінші - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші Оныншысы - орманшы. Ермек Өтеутілеуов. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Педагог: - Білесіңдер ме, балалар, мамандар кімдер үшін жұмыс істейді? Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар! Адамдар үшін қызмет етеді. - Қазір біз жұптарға бөлінеміз: бірің - мамандық иесі, екінші біреуің - тұтынушы боласыңдар. - Мамандық иелері тұтынушының тілегін орындайды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	Артқа қарай секірді, Айналдыра секірді, Айналдыра секіргішті Биікке де секірді. Екі саусақты кезек-кезек алға, артқа, солға, оңға секіртіп, үстел үстінде орындалатын жаттығу. **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.). **(қарым-қатынас іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**
Таңертенгі жаттығу	**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар:** Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Мен кім болып, қайда жұмыс істейтінімді тауып көрші?» **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	Менің арманымдағы мамандығым. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** «Құмырсқа қанағаты» ертегісі» **Мақсат-міндеттері:** ертегіні оқып беру арқылы балаларға	**Көркем әдебиет.** "Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" **Мақсат-міндеттері:** Өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре	**Дене шынықтыру** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** «Құмырсқа қанағаты» ертегісі" (қайталау) **Мақсат-міндеттері:** ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру.	**Көркем әдебиет.** "Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" (қайталау) **Мақсат-міндеттері:** өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау,	**Дене шынықтыру**. (маман жоспары бойынша) **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша) **Сауат ашу негіздері.** "[ж] дыбысымен таныстыру. **Мақсат-міндеттері:**

	қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру. **Мақал:** Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. **Дыбыстық жаттығу.** «Зе-зе-зе,зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за,за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу,зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса. Ал, балалар, сендерге ертегі оқып берейін, мұқият тыңдап алыңдар. **"Құмырсқа қанағаты" ертегі**. Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. "Құмырсқа қанағаты". Педагог көрсеткішті қолданып, әңгімелесуді бастайды. **"Мамандықтарды ажыратамыз"** дидактикалық ойыны. **«Мен кім боламын?»** ойыны. **Мақсаты:** Болашақта қандай мамандықты таңдайтындарын, не үшін таңдайтындарын айтады. **Математика негіздері.** "Балықтың салмағын өлшеу" (пысықтау) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды шартты	отырып қайталау, жаттату.Балалар, өмірде көптеген мамандықтар бар. Қандай мамандықтарды білеміз? **Балалардың жауабы:** - Дәрігер, милиция, мұғалім, журналист. - "Болашақ" елінен келген үлкен қорап бар екен, ішін ашып көрейік. Қораптың ішінде мамандықтардың құралдары, киімдері бар екен. - Болашақта қандай мамандық иесі болғың келеді? **Көркемсөз.** **Қасым Аманжолов «Балалар — біздің болашақ».** Балалар — біздің болашақ, Сүйсінеміз, сүйеміз. Бұл болашақ тамаша-ақ! Болашаққа иеміз. Көтеріп жас сәбиді, «Күлші, бөпе, күл!» — дейміз. Көңіл дария шалқиды, Балалармен гүлдейміз. **"Мамандықтардың құралдарын ата"** ойыны. **Сөздік жұмыс.**	**Дыбыстық жаттығу.** «Зе-зе-зе,зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за,за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу,зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса. Ал, балалар, сендерге ертегі оқып берейін, мұқият тыңдап алыңдар. **"Құмырсқа қанағаты" ертегі**. Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. **«Мен кім болам?»** ойыны. **Мақсаты:** Болашақта қандай мамандықты таңдайтындарын, не үшін таңдайтындарын айтады. **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері.** "Үй шаруасына көмектесеміз" **Мақсат-міндеттері:** Балалардың он көлеміндегі сандар туралы түсініктерін дамыту, оны тану, атай білу цифрларды дұрыс атап, ажырата білу іскерлігін жетілдіру. **Ойын-жаттығу:** «Жұмбақты шеш. Алға өтуге рұқсат ал». Қыстың қаңтар, ақпанын, Кебежеме сақтадым. **(Тоңазытқыш.)** Кино мен концертті,	жаттату. **Мамандықтардың құралдарын ата"** **Сауат ашу негіздері.** "[ə] дыбысын пысықтау, бекіту. **Мақсат-міндеттері:** Ә дыбысына тіл ұстарта отырып сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасату. Әтешіміз «ақ»қанат Күзетшідей қырағы. Таң азаннан қақпада Ағай салып тұрады. Тіл ұстарту жаттығуы: Ән,ән,ән Қамба толы дән. Дәптермен жұмыс. Дәрі, әке, әтеш сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы ә дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне «ә» дыбысының сөздің басында, ортасында, аяғында келетін сөздер ойлатады. **Қоршаған ортамен таныстыру.** "Кішкентай зерттеушілер" **Мақсат-міндеттері:** Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру; мамандық иелерінің	[ж] дыбысымен таныстыру. Артикуляция бойынша Ж дыбысын дұрыс айтуға үйрету. **Артикуляциялық жаттығу.** Педагог: - Балалар, мұқият тыңдап, есімізге сақтап аламыз. [ж] дыбысының айтылуы: - [ж] дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тістер дыбысты жібермей тұрады. - тіл жоғары көтеріліп таңдайға тимей тұрады, бүйірлері азуға тиеді. **Тіл ұстарту жаттығуын өткізу**. Ж-ж-ж-ж-ж-ж Жа-жа-жапалақ Жо-жо-жолбарыс Жу-жу-жусан Жи-жи-жидек Жә-жә-жәшік **Дыбыстық талдау.** Суреттер: жаңғақ, жүгері, жүзік, жұлдыз. Тапсырма: заттарды ата. Бір буыннан тұратын сөздерді сызық арқылы қысқа орындыққа жалға. Екі не үш буыннан тұратын сөздерді сызық арқылы ұзын орындыққа жалға. **«Кел, жазайық!»** Педагог: - Балалар, қолымызды

	өлшемнің көмегімен (таразы) заттардың салмағын өлшеуді меңгерту; заттарды салыстыру арқылы ауыр және жеңіл екендігі жайлы түсінік беру. **Жұмбақ жасыру:** Қыста тынығады, Жазда қыдырады. - Ол не? (Аю) Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. - Ол не? **(Қоян)** Көзбен мөлшерлеуге негізделген заттың салмағын анықтауға арналған жаттығу **"Балық аулау".** Сурет бойынша ауызша санауға арналған жаттығу**. "Неше балық?"** Педагог балалардың әрқайсысына үстіңгі жағында 1-ден 8-ге дейін цифрдың бірі белгіленіп, бірнеше балық бейнеленген карточка дайындап таратады. Карточкада қанша цифр белгіленсе, сонша балықты бояу керектігін түсіндіреді. **Есіне сақта"** есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. - Балалар, "Аңшы қанша айла білсе, Аю сонша	Болашақ - алдағы уақыт деген мағынаны білдіреді. Мамандық - белгілі бір кәсіптің иесі. Кәсіп, қызмет - жұмыс. «**Не болар еді?»** ойыны. - Күн жоқ болса, не болар еді... - Ауа жоқ болса, не болар еді... **Сауат ашу негіздері.** "[Ә] дыбысымен таныстыру. **Мақсат-міндеттері:** [ә] дыбысымен таныстыру,Ә дыбысынан басталатын сөздерді анықтау. Әлди- әлди, әлдиім, Әлдендірген әлдиім Әлпештеумен әлдиді Әсерленді әр күнім. - Тақпақта көбіне қай дыбыс жиі естілді? **Артикуляциялық жаттығу:** [ә] дыбысының айтылуы: - тіліміз сыртқа қарай созылады; - ауызымыз кеңінен ашылады; - дыбыс жіңішке айтылады. **Артикуляциялық жаттығу:**	Үйде қойып беремін, Жаңалығын бар елдің. Өз көзіммен көремін. **(Теледидар.)** Балалар, үш топқа бөлінейік. Үйдегі бөлмелерді: ас бөлмесі, қонақ бөлмесі, жатын бөлмесі деп бөлейік. - Пәтеріміздің іші бос. Сендер жиһаз бен тұрмыстық техника кескіндерін алып, пәтер бөлмелеріне қойып шығыңдар. Ұғымды пысықтау жаттығуы. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің алдында әр балаға шкафтың нобайын, киімдердің үлестірмелі жинақтарын, сандар жинағын дайындап қояды. **Саусақ жаттығуы. «Таза орамал».** Мен көмекші боламын (бас бармақты алма-кезек көрсету), Орамалды аламын, Басып-басып, суға малып (қолды жайып қайта-қайта төменге басу), Кір сабынды жағып алып, Сулаймын сабынды көпірте (қолды, төмен көрсетіп, ашып-жұму), Жуамын көпіршікке. Бұрыштарын езгілеп (жұдырықтардың сыртқы жағын алақанмен үйкелеу) Барлық жерін үйкелеп, Суға жуып, мыжғылаймын,	қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру. **"Мамандықтарды ажыратамыз"** дидактикалық ойыны. **«Мен кім болам?»** ойыны. **Мақсаты:** Болашақта қандай мамандықты таңдайтындарын, не үшін таңдайтындарын айтады. «**Не болар еді?»** ойыны. - Күн жоқ болса, не болар еді... - Ауа жоқ болса, не болар еді...	жазуға жаттықтыру үшін үзік сызықтарды бастырып жазайық. **Математика негіздері.** "Үй шаруасына көмектесеміз" (пысықтау) Мақсат-міндеттері: Балалардың он көлеміндегі сандар туралы түсініктерін дамыту, оны тану, атай білу цифрларды дұрыс атап, ажырата білу іскерлігін жетілдіру. **Сәйкестендіру жаттығуы.** «Геометриялық денелер мен тұрмыстық техника».

	жол білер"- деген мақал бар. **Мүсіндеу.** **«Балерина боламын»** **Шарты:**Балет - сахналық өнердің бір түрі. Балет - ой мен жан құбылысын қозғалыс, дене қимылымен көрсетеді. - Балет бишілерін "балерина" деп айтады. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.	«Әткеншек». Мақсаты: тілдің қалпын тез өзгерте білу дағдысын қалыптастыру. **Дыбыстық талдау.** **Педагог жұмбақ жасырады.:** Ертегі айтып береді, Сені жақсы көреді, Мейірімді бұл кісі, Қандай ғажап күлкісі. - Жауабы қандай? - Әже. Әтеш", Әшекей» сөзіне дыбыстық талдау жасау. **«Кел, жазайық!»** **Қоршаған ортамен таныстыру.** "Мамандықтар" **Мақсат-міндеттері:** Балаларды әртүрлі мамандықтар жөніндегі білімдерін кеңейту; топта жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, ғылыми терминдер мен сөздерді сөйлеуде қолдануды үйрету. **Көркемсөз.** **Нұрхан Жанаев** «Еңбек». Гүл өсірсең, терлеп, Мұның ата - еңбек. Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты - еңбек. Қырға шықсаң, өрлеп, Мұның аты - еңбек.	(қолды төмен көрсетіп, ашып-жұму) Тазаланды ма, қараймын. Таза суға шаямын (қолды оңға және солға қозғалту), Қолдарыммен қысамын (орамалды қолмен сығуды көрсету). Міне, таза орамал (алақанды ашу)! Кепті ме?! Ал! (шапалақтау) «**Кілемшенің өрнегін толтырайық».** Жазықтықты бағдарлау, геометриялық пішіндерді пысықтау. - Балалар, сендер шаршы пішінді кілемшедегі өрнектерде қандай пішін және қайда тұру керектігін ойлап табыңдар. Педагог он алты шақпаққа бөлінген шаршы пішінді кілемшені көрсетеді. Сәйкестендіру жаттығуы. «**Геометриялық денелер мен тұрмыстық техника».** **Музыка.** (маман жоспары бойынша)		

		Сабағыңа жөндеп Әзірлесең - еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. **Миға шабуыл. "Мамандықтар".** Интербелсенді тақтамен жұмыс. "**Мамандық иелерінің киім үлгілері".** Жағдаятты шешу жаттығуы. "Қиын жағдайларда кімді көмекке шақырамыз?" **Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар**" Әңгімелесу. "Көне және жаңа мамандықтар". **Музыка.** **(**маман жоспары бойынша)			
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	Картотека №6 **Қарды бақылау:** **Мақсаты:** Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі	Картотека №7 **Судың қатқанын бақылау:** **Мақсаты:** Судың құрамымен таныстыру,табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру. Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын	Картотека №8 **Судың қатқанын бақылау:** **Мақсаты:** Судың құрамымен таныстыру,табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру. Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан	Картотека №9 **Аспанды бақылау:** **Мақсаты:**Табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын аспанға	Картотека №10 **Кешкі аспанды бақылау:** **Мақсаты:** Балаларды кешкі табиғат сұлулығымен таныстыру. Қыс мезгілінде аспанда күн ұзақ тұрмайды, сондықтан кеш тез бататындығы, яғни

	үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар. **Жұмбақ:** Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар) **Болжам:** көп қар- көп нан. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қоян мен аңшы». **Еңбек:** тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру.	аударады. Олар қайдан пайда болды? **Болжамдар:** желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады. **Тақпақ:** Қар жатыр аппақ Ойнауға жақсы-ақ Осындай шақта Кім үйде жатпақ? **Жұмбақ:**Қолы жоқ сурет салады, Аузы жоқ тістеп алады. (Аяз) **Қозғалмалы ойын:** «Кімдікі алыс». **Мақсаты:** Икемділігін, күшін дамыту. **Еңбек:** есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.	пайда болды? **Болжамдар:** Желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады. **Тақпақ:** Қар жатыр аппақ Ойнауға жақсы-ақ Осындай шақта Кім үйде жатпақ? **Жұмбақ:**Қолы жоқ сурет салады, Аузы жоқ тістеп алады. (Аяз) **Қозғалмалы ойын:** «Кімдікі алыс». **Мақсаты:** Икемділігін, күшін дамыту. **Еңбек:** есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.	аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды. **Жұмбақ:** Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан) **Мақал – мәтелдер**: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады. **Тақпақ «Аспанда»** Аспан бұлтқа толып кетті. Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып **Қозғалмалы ойын:** «Ұшты-ұшты» **Мақсаты:** Заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Еңбек әрекет:** Жолдарды қардан тазарту.	далада неліктен тез қараңғы болатындығы туралы түсінік беру. **Болжамдар**: аспанда жұлдыз аз болса – күн суық болады. **Тыйым сөздер**: айға қарап саусағыңды көрсетпе. **Тақпақ:** Жалықтырып мал-жанды Тынған кезі жауынның Жапалақтап қар жауды Көбігіндей сабынның **Қозғалмалы ойын:** «Қасқыр мен лақтар» **Мақсаты:**ойынға қызығушылығын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті**: ойын алаңын қардан тазарту
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар:**				

	Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** **Ұйқы ашар жаттығулары**				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дамытушы ойын: "Жылы сөздер қобдишасы".** **Мақсат-міндеттері**: Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	**Дидактикалық ойын: "Логикалық жұптар" (Мамандық иелеріне қажетті құралдар).** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың мамандық иелерінің қандай құралдарды қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; мамандық иелеріне деген құрмет сезіміне тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	**Дидактикалық ойын:** "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр". **Мақсат-міндеттері**: Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтылған сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	**Дидактикалық ойын: "Сөздер тізбегі".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	**Вариативтік компанент: "Қызықты логика әлемі"** **Тақырыбы:«Ойнайық, шешпей оны қоймайық»** **Мақсаты:**Логикалық ойлау дағдыларын дамыту мақсатында ойын есептер,дидактикалық ойындарды қолдану туралы білімдерін тиянақтау. **Дидактикалық ойын: "Бұл қай мезгілде болады?"** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. құбылысы жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып

					саналады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**
Балалармен жеке жұмыс	**Шекербек Садыханов. "Құрылысшы".** Қолда темір қалағы, Саздан сарай қалады. Алматыдан аумайтын, Әсем қала салады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Гүлназбен жұмыс**	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу:** "Аспаз боламын" **Мақсат-міндеттері:** Балаларды кейіпкерлерге тән бөліктерді (құлақ, аяқ,) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді домалату. **(шығармашылық іс-әрекет)** **Данелиямен жұмыс**	**"Зейінді бол" дидактикалық ойыны:** **Мақсат-міндеттері:** Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. **(танымдық іс-әрекет)** **Асылыммен жұмыс**	**Құрастырудан ойын-жаттығу:** "Қысқы ағаш" **Мақсат-міндеттері:** балаларды қағазды түтік тәріздес етіп айналдыру арқылы қысқы ағашты құрастыруды үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)** **Викториямен жұмыс**	**Сурет салудан ойын-жаттығу:** "Капитанның кемедегі саяхаты" **Мақсат-міндеттері:** балаларды көп қабатты кеменің суретін салуға үйрету; **(шығармашылық іс-әрекет)** **Асиямен жұмыс**
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**Картотека №6**	**Картотека №7**	**Картотека №8**	**Картотека №9**	**Картотека №10**
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Кешкі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	**"Зоологиялық лото».** **Мақсат-міндеттері:** Жануарлардың атауын, жануарлардың сыртқы түрінің ерекшеліктерін бекіту. Зейінді, байқағыштықты,	**"Көңілді қыстырғыштар" дидактикалық ойыны:** **Мақсат-міндеттері:** Қыстырғыштар арқылы саусақ	**Дамытушы ойын: "Дәрігерге не керек?»** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың мамандықтар туралы білімдерін қорытындылау және жұмысқа байланысты	**"Домино».** **Мақсат-міндеттері:** Зейінділікті, логикалық ойлауды, жағдайды талдау қабілетін, тапқырлықты, қолдың ұсақ моторикасын	**Лото.** **"Өсімдіктер, жануарлар».** **Мақсат-міндеттері:** Ойын планетамыздың жануарлары мен өсімдіктер әлемімен

тағы басқа әрекеттер)	реакция жылдамдығын дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	белгілі бір пәндердің мақсаты туралы білімдерін кеңейту; ұсақ мотериканы, сөйлеуді, сөздерді логикалық түрде құру қабілетін дамыту. **Нұсқаулық.** Үстелде кесілген суреттер бар (мысалы, құралдар). Балалар барлық эпизодтарды жинайды. Алынған суреттердің мақсатын түсіндіріңіз.	дамытады; балалардың заттардың мөлшері, пішіні, түсі туралы түсініктерін бекітеді; байқау мен зейінді дамытады, салыстыру және жалпылау операцияларын дамытады, заттар мен құбылыстар арасындағы елеулі байланыстарды бөліп көрсете білуді қалыптастырады; балалардың қоршаған әлем объектілері туралы түсініктерін кеңейтеді; баланың сөздігін байытады және белсендіреді, мағыналы сөйлеуді дамытады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	таныстырады, заттардың жалпы ерекшелігін бөліп көрсетуге және оны атрибут бойынша топтауға үйретеді. Лото көптеген әртүрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқау, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, қолдың ұсақ моторикасы жетілдіріледі. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. **«Желшешек деген не?»**	Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын үйде де қалыптастыру	Кеңес. **"Саусақ жаттығулары".** Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу барысында балаларға қажетті дәрумендер беріп отыру жайлы медбикеден кеңес.	Ата-аналарға баланың алдағы демалыс күндерінде күн режимін сақтау жөнінде кеңес беру.

Бекітілді
Әдіскер: Асанова Л.М
Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т:Аймагамбетова У.К

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №1 «Күншуақ» бөбежай-балабақшасы
Тобы: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 12- 16 ақпан 2024ж

Апта күндері	***Дүйсенбі*** **12.02.2024**	***Сейсенбі*** **13.02.2024**	***Сәрсенбі*** **14.02.2024**	***Бейсенбі*** **15.02.2024**	***Жұма*** **16.02.2024**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың балабақшадағы тамақтану және ұйықтау әдебі, меңгерген дағдылар жайлы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны: "Жартысын тап". Мақсат-міндеттері:** Зейінін дамыту, байқампаздыққа үйрету. Балалар тұрмыстық техниканың жарты бөлігін табады. **(қарым-қатынас іс-**	**"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны: Мақсат-міндеттері:** Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру;	**"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын: Мақсат-міндеттері:** Балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға	**"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны: Мақсат-міндеттері:** Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. **(қарым-қатынас іс-**	**Санамақ:** Санамақтың сан түрін, Кәне, біздер санайық! Онға дейін санды біз Қолымызға алайық! Бір,екі, үш Таңдайықшы түс. Төрт,бес, алты Тату доспыз жалпы.

	әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	жиһаздары күтуге тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. **Ойын ережесі:** Екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. **Ойын әрекеттері:** ұқсас заттарды іздеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**	**әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	Жеті, сегіз, тоғыз Мынау - қоңыр қоңыз, Мына саным-он, Қыста кием тон. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Таңертенгі жаттығу	**Ертеңгі жаттығулар кешені №10**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар:** **Мақсат-міндеттер:** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Зейінді дамытуға арналған жаттығу:** "Кім бәрінен де зейінді". **Шарты:**Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы күн, балалар! **(сөйлеуді дамыту)**	**"Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны:** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың түстерді ажырату, көру қабілеттерін арттыру; көздің қарашығын демалдыру жаттығуларын жасату. **(зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру)**	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйі мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, **(сөйлеуді дамыту)**	**Жаңылтпаштарды қайталау:** **Мақсат-міндеттері:** Артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. **(көркем әдебиет)**
Білім беру ұйымының кестесі **бойынша ұйымдастырылған іс-**	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** **"Компьютер пайдалы ма, әлде зиян ба?"**	**Көркем әдебиет.** **"Қол не үшін керек?"** **Мақсат-міндеттері**: Әңгімені мәнерлеп оқып бере отырып, қолдың не үшін керек екендігін, тек	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Сөйлеуді дамыту.** Сиқырлы сандықты ашып ішінен әр түрлі суреттерді	**Көркем әдебиет.** **"Қол не үшін керек?"** **Мақсат-міндеттері**: Әңгімені мәнерлеп оқып бере отырып, қолдың не үшін керек екендігін, тек	**Дене шынықтыру.** (маман жоспары бойынша) **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша)

әрекет	**Мақсат-міндеттері:** Балаларға техника туралы мәліметті беруді кеңейтіп, оның ішінде компьютерге толықтай тоқталып өту; балаларға компьютерді дұрыс пайдалану туралы айту. - Балалар, бүгін, біз үшін маңызды күн, сендерге ертегі оқып беремін. Алдымен, мына өлең жолдарын қайталап алайық. **Көркем сөз.** **"Компьютер".** Талай шаруа бүгінде, Компьютерсіз бітпейді. Керек десең ол тіпті**,** Том-том кітап жүктейді. **Педагог:** - Ал, балалар, сендерге компьютер туралы оқып берейін, мұқият тыңдап алыңдар. Компьютер - ақпарат және мәліметтермен жұмыс істейтін электронды құрылғы. Оның ақпаратты сақтап , өңдеп , алып, таратып және тағы басқа әрекеттер істеуге мүмкіндігі бар. **Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі.** **"Компьютер".** - Балалар, сендерге менің әңгімем ұнады ма? Балалардың жауабы. Иә, тоңазытқыш, микротолқынды пеш,	затты ұстау үшін ғана емес, әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адам қолымен жасалатыны ұғындыру. **Көркемсөз.** Қадыр Мырза Әли «Не үшін?» - Екі көзің не үшін керек?Жақсыларды көру үшін!Екі қолың не үшін керек?Елге көмек беру үшін! **Миға шабуыл:** Педагог: - Балалар, бізге қол не үшін керек? - Балалар, бүгін «Қол не үшін керек?» орыс халық ертегісімен танысамыз. «Қол не үшін керек?». (Е.Пермяк) **Сұрақ-жауап.** **Мақал жаттау:** Көз - қорқақ, қол - батыр. Шебердің қолы - ортақ, Шешеннің тілі - ортақ. Қолы ашықтың – жолы ашық. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді. Егер, үйде электр шамы өшіп қалса не істейміз? жағамыз. Майшамды жаққанда, сіріңкемен немесе майшаммен ойнаймыз ба? **«Иә, жоқ» ойыны**. **Шарты:**Берілген сұрақтарға «иә»,немесе	алып балаларға таратып беру. Балалардан не екенін сұрау. **Мақсаты:** Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Мамандық иелері туралы суреттерді алып, біртіндеп тақтаға іле отырып, **«Мен болашақта _____боламын»** тақырыбында хабарлау әңгімелерін құрастыру өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруды дамыту. **«Иә, жоқ» ойыны:** Ойынның шарты: берілген сұрақтарға «иә»,немесе «жоқ»-деп жауап беру. **Қазақ тілі.** (маман жоспары бойынша) **Математика негіздері.** "Футбол көруге барғанда" (пысықтау) **Мақсат-міндеттері:** Балалардың "нөл" саны және цифрмен таныстыру; 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру; нөл цифрын жазуға машықтандыру. **Допқа ұқсас заттарды тап" ойыны.** **Ноль цифрын жазу**	затты ұстау үшін ғана емес, әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адам қолымен жасалатыны ұғындыру. **Көркемсөз.** Қадыр Мырза Әли «Қол не үшін керек?» орыс халық ертегісін пысықтау, мазмұнын сұрау. «Қол не үшін керек?». (Е.Пермяк) Мақалды еске түсіру. Көз - қорқақ, қол - батыр. Шебердің қолы - ортақ, Шешеннің тілі - ортақ. Қолы ашықтың – жолы ашық. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді. **«Иә, жоқ» ойыны:** **Ойынның шарты:** Берілген сұрақтарға «иә»,немесе «жоқ»-деп жауап беру. Сұрақтар: - Балаалрға үтікті қосуға бола ма? - Батерейкалы ойыншық машинамен ойнауға бола ма? - Кір жуатын машинаға қолды салуға бола ма? - Робот машинамен ойнауға бола ма? **Сауат ашу негіздері.** п] дыбысымен таныстыру.	**Сауат ашу негіздері.** п] дыбысымен таныстыру. **Жұмбақ жасыру:** Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады. (Пияз) **Тақпақ :** Пайдалы деп, Пияз жеп, Парлады жас көзімнен. «Піссінші біраз», - деп, Пысылдадым төзіммен. Піл, партаның суреттерін көрсетіп сипаттап айтқызу, п дыбысының сөздің қай жерде тұрғанын тапқызу. **Дәптермен жұмыс**: балапан, піл, доп сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, п дыбысының сөздегі орнын түсіндіру. **«Сөз ойла, тез ойла» ойыны**: П дыбысы сөздің ортасында және аяғында кездесетін үш-төрт буыннан құралған сөз ойлату. Хормен –па, -пе, -пу, -по буындарын айтқызу. **Математика негіздері.** **"Футболшылар қатарының реттік саны"** **Мақсат-міндеттері:**

	пылесос, теледидар, кір жуатын мәшине, үтік, компьютер, ноутбук, планшет. **Сергіту сәті.** **"Бір сергіп алайық".** **"Құрылғыларды ажыратамыз" ойын.** **Мақсаты: балаларды тез жауап беруге тәрбиелеу.** суреттердің ішінен компьютердің құрылғыларын ажыратып, аттарын айтулары керек**.** **"Компьютердің зияны мен пайдасы" ойыны.** **Мақсаты: балалардың тез ойлауға және жауап беруге тәрбиелеу.** **Математика негіздері.** "Футбол көруге барғанда" **Мақсат-міндеттері:** Балалардың "нөл" саны және цифрмен таныстыру; 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру; нөл цифрын жазуға машықтандыру **Жұмбақ жасыру:** Тебесің сен бір, Тебемін мен бір. Түсі теңбіл, Көнбіс зат ең бір. - Қалай ойлайсыңдар, ол не? **(Футбол добы)** **Допқа ұқсас заттарды тап" ойыны.**	«жоқ»-деп жауап беру. **Сұрақтар:** - Балаалрға үтікті қосуға бола ма? **Сауат ашу негіздері.** "[ж] дыбысын қайталау". **Мақсат-міндеттері:** [ж] дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыру. Басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету. **«Сұрақты қағып ал» ойыны.** **Артикуляциялық жаттығу.** - Балалар, мұқият тыңдап, есімізге сақтап аламыз. [ж] дыбысының айтылуы: - [ж] дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тістер дыбысты жібермей тұрады. - тіл жоғары көтеріліп, таңдайға тимей тұрады, бүйірлері азуға тиеді. **Тіл ұстарту** **Жаттығуы:** Ж-ж-ж-ж-ж-ж Жа-жа-жапалақ Жо-жо-жолбарыс Жу-жу-жусан Жи-жи-жидек Жә-жә-жәшік Буынға бөлуді қайталау. **Жұмбақ :** - Күндіз бәрі қашады,	**Музыка.** (маман жоспары бойынша)	**Мақсат-міндеттері:** [П] дыбысымен таныстыру. Артикуляция бойынша п дыбысын дұрыс айтуға үйрету **Жұмбақ:** Қаймықпайды күшті аңнан, Қорқады тек тышқаннан**.(піл)** **Артикуляциялық жаттығу:** **[**п] дыбысының айтылуы: - еріндер бір-біріне нық тиеді; - артынша кілт ашылуынан жасалатын шұғыл дауыссыз дыбыс**.** **Жаңылтпаш.** Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай**.** **Дыбыстық талдау.** **П дыбысы» бар сөздерді тап.** Кептер, қалам, қолғап, кітап, апа, кеме, үтік, апан, парта, ауа, ата. **«Кел, жазайық!»** қолымызды жазуға жаттықтыру үшін үзік сызықтарды бастырып жазайық. **Қоршаған ортамен таныстыру.** "Тұрмыстық техника" **Мақсат-міндеттері:** Балалардың тұрмыстық техниканың адам тіршілігіндегі алатын	Балалардың "нөл" санымен таныстыру, санның ең кіші сан және барлық сандардан кем саны туралы түсіндіру; 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру. **Көркемсөз:** **«Біз бостан-босқа тұрмаймыз».** Біз бостан-босқа тұрмаймыз, Күні бойы қимылдаймыз. Жаттығуларды жасаймыз. Бір-бірден бір қатарға Тұра қаламыз сапқа. Дамытушы-ритмикалық жаттығу. «Менің қай жағымда кім тұр?» Ұғымды пысықтау жаттығуы. «Сандар қатарындағы реттік санның орны». Жаңа ұғымды түсіндіру жаттығуы. «Нөл саны» Жаңа ұғымды пысықтау жаттығуы. «Нөлді өзге сандармен салыстыру, қажетті белгілерді қою». **Цифрді жазу және безендіру жаттығуы. «Нөл цифры»**

	Мақсаты: Айналасындағы заттар ішінен дөңгелек пішінді заттарды табуды меңгерту. Сурет негізінде нөл санымен таныстыруға арналған жаттығу. Педагог тақтаға он көрерменнің сұлбасын орналастырады. Әр баланың алдына 1-ден 10-ға дейінгі кеспе цифрлар қояды **Қол моторикасын дамытуға арналған жаттығу: "Сиқырлы сандар"** **Бой жазу жаттығуы**. "Бір" дегенде тұрайық, "Екі, үш, төрт" – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. "Бес" дегенде асықпай, Орнымызды табайық. **"Есіне сақта" есте сақтауға арналған сөздік жаттығу.** - Балалар, "Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де,талап қыл!"- деген мақал Рефлексия**:** **«Футболшы»** Футбол ойыншыларына шардың орнына доп сыйлауды ұсынады. Тақтаға доптың макетін іледі. Үстел үстіне көк және қызыл	Түнде аспанды басады. - Жауабы не? - Жауабы - жұлдыз**.** **Сергіту сәті:** Ал, енді отын жарайық. Айқастырып алақанды Қолымызға балта аламыз. Ағаштарды отын қып, Еңкейіп біз жарамыз Қанекей, отын жарамыз. Жарамыз отын Қане, отын жарайық! **«Кел, жазайық!»** **Қоршаған ортамен танысу.** "Тұрмыстық техника" **Мақсат-міндеттері:** Балалардың күнделікті өмірде адам қолданатын электр құрылғыларының түрлері мен мақсаты, олардың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін жалпылау. **Көркемсөз:** Дина Ахметова "**Тұрмыстық техника".** Біздің үйде ешкім жоқта, Көмекшілер тұрмай тоқтап, Бөлмелерде жұмыс істейді, Бірақ мүлдем үндемейді. Кешке келсе ата-ана - Суытылған сүт пен айран. Көрсетілер жаңалықтар, Кілем үсті тазалықта **Экскурсия. "Тұрмыстық**		орны жайындағы білімдерін жалпылау және тиянақтау; тұрмыстық техника түрлерін қолдану ережелерін пысықтау. **Экскурсия. "Тұрмыстық техниканың тектері**".ойын. "Тұрмыстық техника мұражайындағы заттардың орнын тап". Мақсаты: көне заттар мен заманауи тұрмыстық техника арасындағы байланысты орнатуды үйрету.	

	көпбұрыштар дайындап қояды. Көңіл күйлері көтеріңкі болса, допқа қызыл теңбіл (көпбұрыш) , ал көңілдері бәсең болса, көк теңбіл (көпбұрыш) жапсыруды ұсынады. **Жапсыру.** **«Үй жануары-мысық»** **Шарты:**Балалар геометриялық пішіндерді әр түрлі көлемде үлгімен қиып, қағаз бетіне дұрыс жапсыруға үйрету; Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру; Басқа үй жануарларының мысықпен айырмашылығын талқылау. Жануарларға деген қамқорлықтары мен қызығушылықтар арттыру. **Көркем сөз.** "Мысық" Пыр-пыр мысық, пыр мысық, Тырнақтары жүр қышып. Тал-теректің басына, Өрмелейді тырмысып. Тышқан көрсе қуады, Бірден-бірден қырады. Әбден тойып болған соң, Артынан бет жуады. \Жәди Шәкенұлы\ **Үлгіні зерттеу.** "Мысық" Жапсыру амалдарын көрсету.	**техниканың тектері"**.ойыны: "Тұрмыстық техника мұражайындағы заттардың орнын тап". **Мақсаты:** Көне заттар мен заманауи тұрмыстық техника арасындағы байланысты орнатуды үйрету. Тәжірибе жұмысы. "Қолшамды жағу және сөндіру". Кезекшілер балаларға қағаздар мен қаламдарды таратып қояды. - Балалар, енді алдарыңдағы қағазды күлдей ұсақтап жыртыңдар, қаламды шаштарыңа үйкелеңдер. Қаламды қағазға жақындатыңдар. Не болып жатыр, балалар? Балалар: - Қағаздар қаламға тартылып жатыр. Жаттамақ жаттығуы. "**Электр қауіпсіздік ережелері".** **Музыка**. (маман жоспары бойынша.**)**			

	Қимылды ойын: "Тышқандар мен мысық "				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	Картотека №11 **Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу** **Мақсаты**: Балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар	Картотека №12 **Қар жауып тұрған құбылысты бақылау:** **Мақсаты**: Қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. **Тақпақ :** Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. **Қимылды ойын:** «Аңшы мен қояндар» **Мақсаты**: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. **Жеке жұмыс**: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру.	Картотека №13 **Аула сыпырушы еңбегімен танысу:** **Мақсаты:** Аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбегі, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Тапсырма:** «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. **Тақпақ:** Қолынакиіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге олжол ашты. **Қимылды ойын:** «Сауықшылар»(қысқы спорт ойындары.) **Жеке жұмыс:** «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. **Жаңылтпаштар:** Қаңтар айы болды, күн суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ қар	Картотека №14 **Мұз сүңгісін бақылау:** **Мақсаты:** Балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. **Сұрақтар:** Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? (Сәбіз сияқты) Сүмелек мұз қай жерде, пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде көлеңке жақта ма? **Тақпақ :** Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев **Қимылды ойын**: «Үйсіз қалған қоян» **Мақсаты:** ойынның тәртібін сақтай отырып,	Картотека №15 **Қайың ағашын бақылау:** **Мақсаты:** Қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. **Тапсырма:**ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады. **Тақпақ:** Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. **Жұмбақ:** Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш) **Қимылды ойын**: «Апандағы аю» **Мақсаты:** зеректікке, ептілікке баулу. **Еңбек**: қайың ағашының түбіне қар жинау.

	ұшқындары жерге түседі. **Тақпақ:** Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. **Қимылды ойын** «Ортаға түспек» **Мақсаты**: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. **Еңбек**: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.	**Жұмбақ**: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) **Еңбек:** Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.	жауды **Еңбек:** аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу.	секіріп алға жүгіру. **Еңбек**: «Мұз жерлерге құм себу»	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар:** Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	**Ояну жаттығулары:** Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	**Дидактикалық ойын: "Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктір".** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың заттардың (құбылыстардың, жан-	**Дидактикалық ойын:** "Жақсы - жаман". **Мақсат-міндеттері:** Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын	**Дамытушы жаттығу:** "Қанша затты көрсең, сондай санды көрсет". **Мақсат-міндеттері:** Балалардың әрқалай орналасқан заттарды көзбен көріп, санап ала	**Дамытушы жаттығу: "Не жоқ?"** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке,	**Вариативтік компанент: "Қызықты логика әлемі"** **Тақырыбы: «Тез ойла,ойна!»** **Мақсаты:** Балалардың ретімен орналастыра

әрекеттер)	жануарлардың, адамдардың, ұғымдардың) ортақ қасиеттерін байқап, біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	білу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуде ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	білу түсініктерін арттыру,санамақтар арқылы сандарды айта білуге,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. **Дамытушы ойын: "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері:** Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**
Балалармен жеке жұмыс	Жұмбақтар шешу; жаңылтпаштар айтқызу. **(көркем әдебиет) Медина,Нарқыз**	**Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын: Дидактикалық міндеті:** Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту) Анна,Валерия**	**"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері:** Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту) Жігер,Сайда**	**Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны: Дидактикалық міндеті:** Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. **(сөйлеуді дамыту) Маханбет,Валерия**	**Зейінді дамытуға арналған жаттығу: "Қимылдарды қайталаймыз". Аталған ойынның тағы бір нұсқасы.** Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. **(дене шынықтыру) Алибек,Злата**
Серуенге дайындық	Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Картотека №11	Картотека №12	Картотека №13	Картотека №14	Картотека №15

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Кешкі ас	**Гигиеналық дағдылар**Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.**Көркем сөз(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
